

**«ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ» Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал
«ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ» Республиканский научно-методический журнал
Мамыр/Май №5(4) / 2022 жыл Нұр-Сұлтан қаласы**

<p>Бас редакторы: Даукенова Айдана Даукенқызы</p> <p>Редакция алқасы: Рахметұллаева Айман Мыңболқызы</p> <p>Редакция мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қаласы Редакция телефоны: 8 776 289 68 34 8 708 109 15 99 e-mail: zhurnal.astana01@mail. ru</p> <p>Куәлік Журнал Қазақстан Республикасы ақпарат және коммуникация министрлігі бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті №16422 – Ж куәлігі берілді. Айына 1 рет қазақ және орыс тілінде шығады. Теруге 14.05.2022ж жіберілді Басуға 16.05.2022ж Қол қойылды Таралымы 1000 дана</p> <p align="center">Журнал ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ баспаханасында басылды</p>	<p>Олехнович О. Б. Составь картинку «Зонтик».....2</p> <p>Демесинова М. А. Күз мезгілінің ерекшеліктерін суреттеу.....4</p> <p>Косаева М. Р. Современные тенденции в преподавании.....6</p> <p>Қырбас А. Ш. Түбір мен қосымшаның жазылуы.....8</p> <p>Курбанбаева С. А. «Жаратылыстану» білім саласы пәндерін оқытудың әдістемелі ерекшеліктері.....12</p> <p>Айназарова Г. Д. Мен бақытты баламын.....15</p> <p>ЕлеуKENOVA Б. А. Әжемнің ауылына қонаққа барамыз.....18</p> <p>Айназарова К. Ж. Нобель сыйлығы лауреаттары – физиктер.....19</p> <p>Құлжабаева Қ. Д. Инклюзивті білім беру үдерісіндегі педагогтың психологиялық дайындығының маңызы.....22</p> <p>Салық Р. Ж. Бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдысын қалыптастыру жолдары.....24</p> <p>Тастанбекова Б. Т. Білім беру мен білім алуудағы жаңа әдістердің тиімділігі.....26</p> <p>Джафарова З. М. Изучение сложных тем по предметам в начальной школе.....28</p> <p>Бижанова К. Халық педагогикасының жастар тәрбиесіндегі орны.....30</p> <p>Хожабаев Ж. Т. Видеоны өңдеу.....31</p> <p>Погудина Е. В. Бекчентаева А. В. Здоровое поколение - здоровая нация.....34</p> <p>Шерипова Г. Ж. Информатика пәнін қашықтықтан оқытудағы тиімділіктері.....36</p> <p>Беденова Г. Бастауыш сыныптағы функционалдық сауаттылықты және оқуға қызығушылықты арттыруға арналған педагогикалық шеберхана.....38</p> <p>Даулеткалиев Р. А. Топтарда шытырман ойындарын құру.....41</p> <p>Даулеткалиева М. К. Зәр шығару жүйесінің гигиенасы. Бүйрек және зәр шығару жүйесінің аурулары: пиелонефрит, цистит, бүйрекке тастың жиналуы. Себептері және алдын алу шаралары.....44</p> <p>Нуфтиева Д. Е. Интерактивті білім беру қосымшаларын қолдану тиімділігі...47</p> <p>Кобланова Д. Б. Полимеразалық тізбектік реакцияны оқу үрдісінде қолдану.....49</p> <p>Кабылбаева К. Ж. Famous british writers.....52</p>
---	---

СОСТАВЬ КАРТИНКУ «ЗОНТИК»



город Павлодар
КГКП «Ясли-сад№116»
воспитатель
Олехнович Олеся Борисовна

Мақсаты - Цель: Умеют составлять картинку «Зонтик» из кружков, методом наложения.

Міндеттері - Задачи: научить составлять картинку из кружков методом наложения, развивать мелкую моторику рук, способность составлять целую картину из предложенных частей, воспитывать внимательность и усидчивость

Әдіс-тәсілдер - Методы и приёмы: сюрпризный момент, наблюдение, беседа, практическое задание

құралдар - Средства: ноутбук, видео письмо от Маши, образец рисунка «Зонтик», разноцветные круги.

Раздаточный материал на каждого ребенка: картинка с зонтиком, разноцветные круги.

Сөздік жұмыс -- Словарная работа: круг

Әрекеттердің кезеңдері Этапы действий	Педагогтың іс-әрекеті Действия воспитателя
Кіріспе бөлім - Вводная часть	Дети сидят около доски, полукругом, напротив ноутбука. В:- Ребята, слышите музыка играет где то, это пришло нам сообщение на ноутбук, давайте посмотрим.
Негізгі бөлім - Основная часть	<p>Просмотр видео письма. №1 Маша: - Здравствуйте ребята, у меня случилась беда, я спешила к вам в гости, но попала под дождь, стал дуть сильный ветер и сломал мой зонтик (Маша плачет). Проявляют интерес, сочувствуют. Педагог: Не плачь, Маша! -Дети помогут тебе починить зонтик, правда, ребята? (Дети отвечают «да»), -А зачем нам нужен зонтик? Спрятаться от дождика? (Дети отвечают «да»), конечно спрятаться от дождика. А давайте с вами поиграем в речевую игру «Дождь» Капля раз, капля два, Капля медленно сперва- Кап, Кап, Кап, Кап. Стали капли попевать. Капля каплю подгонять- Кап, Кап, Кап, Кап. Зонтик поскорей раскроем, От дождя себя укроем. В: Вот какие молодцы, -Ребята, посмотрите у нас на доске висит зонтик, что с ним случилось? (ответы детей -он сломался), его нужно починить. Давайте, я покажу, как буду чинить наш зонтик,- это фигура «круг», мы берем синий круг и накладываем на синий цвет и т. д. Словарная работа: круг. Повторяют: круг. - Теперь вы сможете самостоятельно помочь Маше починить зонтик, но сначала мы с вами поиграем в игру «Где же наши ручки? ». Жестовая игра <u>«Где же наши ручки»</u> У меня пропали руки. Где вы, рученьки мои? (руки за спиной) Раз, два, три, четыре, пять - покажитесь мне опять (показываем руки)</p>

	<p>У меня пропали ушки (<i>ушки закрывают ладошками</i>) Где вы, ушеньки мои? Раз, два, три, четыре, пять - покажитесь мне опять (<i>показываем ушки</i>) У меня пропали глазки (<i>закрываем глаза ладонями</i>). Где вы, глазоньки мои? Раз, два, три, четыре, пять - покажитесь мне опять (<i>убираем ладошки от глаз</i>). В:- Молодцы! - А сейчас садимся за столы и будем чинить зонтик для Маши. (Проявляют желание помочь.) -У вас у каждого лежат рисунки с изображением зонтика, у которого отсутствует фигура, вы должны починить наши зонтики с помощью фигурок, которые лежат у вас на тарелочках, методом наложения фигуру накладываем на зонтик, но не забываем про цвета. Например: красный круг ложем на красный цвет, Синий круг на синий цвет. Дети рассматривают рисунки с изображением зонтика называют какая фигура отсутствует: круг, и величина: маленький, большой. Называют цвета: синий, красный, желтый, зеленый. - Рома, посмотри, а кружочки все одинаковые? (Отвечает: Большой и маленький.) - А какого цвета круг? (Ответы детей) - Милена какого цвета у тебя круг? (Отвечает) Самостоятельно работают, составляют рисунки. В: -Ребята, покажем наши зонтики Маши? -Маша посмотри, какие зонтики наши детки сделали. -Тебе нравятся? Показывают рисунки Маши, проявляют радость от выполненной работы. Видео с Машей №2, Маша: - Ребята, какие вы молодцы, а какие красивые зонтики получились! -Мне очень нравится. -Спасибо Вам большое, а за вашу работу я вам отправила подарок- игру («Посади бабочку на цветок такого же цвета») -До свидания ребята!</p>
<p>Қорытынды бөлім-Заключ. часть</p>	<p>Маша прощается. (Дети прощаются с Машей) Д/И «Посади бабочку на цветок такого же цвета».</p>

Күтілетін нәтиже- Ожидаемый результат:

Жаңғыртады Воспроизводят: название геометрических фигур

Түсінеді Понимают: сравнение и название геометрических фигур, их цвет

Қолданады Применяют: опыт моделирования из геометрических фигур.

КУЗ МЕЗГІЛІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН СУРЕТТЕУ



«Алматы облысы білім басқармасының Қапшағай қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Гүлдер» балабақшасы» тәрбиеші

Демесинова Майра Ануарбековна

ҰОҚ мақсаты : Күздегі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды, айырмашылығын ажыратады.

Дағдысы: Танымдық міндеттерді көрнекі-қимылдық және көрнекі-үлгілік жоспармен шеше алады, жүйелей және топтастыра алады. Ұқастықтары мен айырмашылықтарын табу қасиеттеріне ие.

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, көрсету, жапырақ, мнемокесте

Көрнекіліктер: көзілдіріктер, суреттер, мнемокесте

Шаттық шеңбері.

Шеңбер болып тұрайық,
Алақанды ашайық,
Күннің нұрын салайық,
Таза ауаны жұтайық.
Жүрекке жылу сыйлайық,
Жинаған жылы шуақты,
Қонақтарға шашайық.

Балалар өлең жолдарындағы берілген сөздерге, қимыл әрекетін жасай отырып бір-бірімен сәлемдеседі

«Күз айлары» ойыны

Мерседес әдісін қолдана отырып ойнату

Шарты: Күз мезгілін бейнелейтін суреттерді үш бөлікке бөліп орналастыру

-Сары күз


-Жомарт күз

-Күрең күз

Балалар орналастырып болған соң жоғарыда көрсетілген күз ерекшеліктерін таңдап, сол топтарға бөлініп отырады


1 топ- Пед.жетекшімен ойын «Суретке қарап әңгімеле»

Шарты : Балалар берілген мазмұнды суретке назар аударып, көзілдірікті жүргізе отырып әңгімелейді




2-топ Құрымдалған ойын: «Өсімдіктердің көлеңкесін тауып орналастыр»

Шарты: Балалар өсімдіктердің көлеңкелерін тауып бірге орналастырып қояды



3-топ Еркін ойын: "Жапырақтарды орналастыр"

Шарты: Дайын тұрған суреттерге әр түрлі пішінді жапырақтарды тауып, қиып орналастырады.



Тапсырма: Мнемокесте арқылы тақпақ жаттау



Сергіту сәті

Музыкалық әуеннің жетекшілігімен қимыл қозғалыс жасайды

«Кім жылдам?» ойыны


Шарты: Балалар күз бен қыс мезгілі

ерекшеліктерін, ұқсастықтарын

«Венн» диаграммасы арқылы кері байланыс жасап күз бен қыс айырмашылығы мен ортақ ұқсастығын тауып айтады айтады

Рефлексия.**«Білім теңізіне кеменді жібер»**

Тақырыпты жақсы меңгердім деген балалар кемелерін (стикерлерін) теңізге орналастырады, өзіне сенімсіздер жағада қалады

**СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ В ПРЕПОДАВАНИИ**

**Алматинский областной колледж
инновационных технологий в сфере сервиса и питания
преподаватель русского языка и литературы
Косаева Мадина Рысбековна**

В наше современное время очень большой проблемой в преподавании является то, что молодое поколение перестаёт читать книги, молодые люди перестают и не хотят прилагать какие-либо кропотливые усилия в делах. Обучающиеся современного поколения ленятся читать книги, ленятся учить правила, ленятся выполнять какие-либо физические нагрузки. Причин тому очень много. Самая главная причина – это то, что наши современные дети живут в информационно-перегруженной среде. Появились телевизоры, компьютеры, планшеты, мобильные телефоны, интернет. Учащимся XXI века проще смотреть, чем читать; проще слушать, чем писать; проще вообще ничего не делать. И поэтому сейчас перед каждым преподавателем стоит задача применять современные тенденции и инновационные технологии в преподавании.

Как преподаватель я применяю следующие современные тенденции в преподавании:

1 тенденция. «Применение социальной сети Инстаграм». Инстаграм – это социальная сеть для обмена фотографиями и видео, основанная в 2012 г. Я применяю различные социальные сети в работе, но особенно, с целью повышения познавательной заинтересованности обучающихся, публикую учебные видеоуроки, таблицы по русскому языку на специальной учебной странице в Instagram (<https://www.instagram.com/?hl=ru>). Обучающиеся очень активно используют инстаграм и могут подписаться на страничку по русскому языку и постоянно просматривать новые учебные видеоматериалы, таблицы. Могут оставлять комментарии под публикацией. А также на данной странице в сети Инстаграм у меня есть подписки, но это подписки только на познавательные страницы. К примеру, имеются подписки к инстаграм страницам музеев А.С.Пушкина, Достоевского, и других поэтов и писателей. И учащиеся могут через подписки зайти и посмотреть музеи писателей и поэтов в других странах и городах. А также могут зайти на страницы подготовки ЕНТ.

2 тенденция. «Собственный YouTube канал». Авторские видеоуроки, связанные с методикой и темами уроков, видеofilьмы я размещаю на личном канале в видеохостинге YouTube (<https://www.youtube.com/channel/UCy-9yKOAXC-0CL7O30mS6mg>). Я снимаю короткие видео с объяснением правил и размещаю в данном Ютуб канале. Учащиеся подписываются на канал, или же я им даю ссылку, и они спокойно могут просмотреть видеообъяснение правила или темы урока.

3 тенденция. «Использование информационно-коммуникационных технологий». Использую информационно-коммуникационные технологии (IT-методы):

- Microsoft PowerPoint** – программа подготовки презентаций
- AutoPlay** – программа создания электронных учебников, презентаций
- TurboSite**-программа для создания сайтов и электронных учебников
- Bandicam**-программа записи экрана компьютера.
- ExeBook**-программа для создания электронных книг
- Movavi Video Editor Plus**- это многофункциональный видеоредактор

Тестовые оболочки различного вида
Очень занимательным является интернет-приложение LearningApps.org Web 2.0. В данном приложении есть возможность разработать свои интерактивные задания и сохранять их длительное время на сайте.

4 тенденция. Разработала собственное методическое пособие и имею Авторскую методику преподавания.

Как преподаватель русского языка и литературы, я преподавала в школе, где необходимо было готовить учащихся к ЕНТ, ВОУТ и другим видам контрольных и тестовых работ, а в данное время работаю преподавателем в колледже и с проблемой нежелания читать книги и учить правила среди учащихся сталкивалась много раз. К тому же, преподавая по разным учебникам, я заметила, что правила по русскому языку очень громоздки и некоторым учащимся трудны для запоминания. В книжных магазинах я пересмотрела многие учебные пособия, и всё же их содержание не удовлетворило меня. Поэтому уже много лет назад я начала разрабатывать свою авторскую методику преподавания «Методика элективного обучения в преподавании русского языка и литературы». Элективное обучение – это избирательное, выборочное обучение. Сущность методики: учащимся предлагаются правила, в которых они заучивают и запоминают главные, ключевые слова, понятия, суффиксы, орфограммы и разряды самые важные и необходимые для выполнения заданий, тестов по русскому языку. Все правила, согласно данной методике, разработаны настолько просто, что они легки для запоминания. То есть, я сама, взяв за основу основные правила по русскому языку, упростила их. Правила по русскому языку упрощены специально для студентов и учащихся учебных заведений с нефилологическими специальностями. Всё простое запоминается быстро и в соответствии с данной методикой элективного обучения я выпустила учебно-методическое пособие по русскому языку для учащихся учебных заведений нефилологических специальностей, где в упрощённом виде даны все правила по русскому языку.



Раздел/подраздел	
1. Фонетика	правила произношения звуков. Формы слова, ударение и перенос слова.
2. Морфология	правила склонения, который имеет место в предложении. Формы существительных, прилагательных, местоимений, глаголов, наречий, числительных, инфинитива и причастия.
3. Лексика (лексика)	правила словоупотребления. Формы словосочетаний.
4. Синтаксис	правила построения предложения. Формы словосочетаний и предложений.
5. Морфология	правила правописания слов. Формы словосочетаний и предложений.
6. Синтаксис	правила правописания словосочетаний и предложений.
7. Пунктуация	правила постановки знаков преположения, знаков преположения, знаков преположения.
8. Орфография	правила правописания словосочетаний и предложений.

I	Орфография	правила правописания, правописание терминов, терминов.
II	Орфография	правила правописания, правописание терминов, терминов.

Тест «Каким русским языком?»

1. Какой русский язык вы изучаете?
 а) Формальный;
 б) Литературный;
 в) Устный.

2. Выберите одну из функций:
 а) Служит средством общения между людьми;
 б) Служит средством передачи информации;
 в) Служит средством познания мира.

3. Какой русский язык вы изучаете?
 а) Литературный;
 б) Формальный;
 в) Устный.

4. Выберите правильный вариант ответа:
 а) Литературный язык – это язык, который используется в учебниках;
 б) Литературный язык – это язык, который используется в учебниках.

УДК 811.161.1 (078)
 ББК 81.2 Рус-812
 К 71

Рекомендуем Учебно-методическое пособие и пособие Гуманитария доклада Алтайского государственного технического университета


Рекомендуем:
 Косаева М.П. – методическое пособие по русскому языку для учащихся нефилологических специальностей.
 Косаева М.П. – методическое пособие по русскому языку для учащихся нефилологических специальностей.

Косаева М.П.
РУССКИЙ ЯЗЫК
 Учебно-методическое пособие по русскому языку для студентов и учащихся учебных заведений нефилологических специальностей

В учебно-методическом пособии рассмотрены основные правила русского языка. Цель пособия – помочь учащимся и преподавателям в изучении русского языка в рамках элективного обучения.

ISBN 978-400-700-015-3

5 тенденция. Применяю различные мобильные приложения: «Грамматика: части речи-русский язык», «Репетитор. Русский язык», «Орфография: диктант» и другие.



Применяя в своей работе новейшие технологии, педагоги должны осознавать, что нельзя «стоять на месте», нужно идти в ногу со временем», что нашу молодёжь надо обучать по-другому, применяя всевозможные, современные, эффективные методики преподавания.

ТҮБІР МЕН ҚОСЫМШАНЫҢ ЖАЗЫЛУЫ



Алматы облысы, Қонаев қаласы
 №3 орта мектеп МКМ
 бастауыш сынып мұғалімі
 Кырбас Айым Шалгинбековна

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.4.1.2 түбір сөздегі -ы, і-нің дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанған кездегі өзгерісін сақтап жазу
Сабақтың мақсаты	<p>Барлық оқушылар: түбір сөздегі -ы, і-нің дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанған кездегі өзгерісін сақтап жаза алады.</p> <p>Көптеген оқушылар: түбір сөз бен қосымша жалғанған сөздерді салыстыра алады.</p> <p>Кейбір оқушылар: түбір сөзге сөйлем құрай алады</p>

Сабақтың барысы				
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<p>Ұйымдастыру, өзін – өзі тексеру</p> <p>Өткен білімді еске түсіру</p> <p>8 мин</p>	<p>Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру Әрқашанда біргеміз Жабырқауды білмейміз, Жалқаулықты сүйемейміз. Біз талапты жас ұлан Үлгі аламыз жақсыдан.</p> <p>Google Forms платформасы бойынша өткенді бекіту</p> <p>1. Жуан буынды сөзді белгіле. а) достар ә) зергер б) пілдер</p> <p>2. Жіңішке буынды сөзді тап. а) күзгі ә) батылдық б) қайратты</p> <p>3. Қосымшалы сөзді тап. а) жаңбыр ә) балалар б) ескек</p> <p>4. Түбір сөзді тап. а) әнші ә) кітап б) кәсіпкерден</p> <p>5. Туынды сөзді белгіле. а) көлшік ә) өрнек б) өнер</p>	<p>Психологиялық ахуал орнатылады</p> <p>Өткен тақырыпқа қатысты сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Компьютерден мониторинг шығады ҚБ 5балл</p>	<p>Смартфон, компьютер</p>
<p>Жаңа білім</p> <p>15 мин</p> <p>2 мин</p>	<p>«Жасырын фото» ойыны «Сиқырлы сөздер» әдісі бойынша сынып ішінде жасырынған суреттерді жинап, сол суретке байланысты сұрақтарға жауап береді</p> <p>Суреттерді салыстырамыз, 1-сыныптағы суреттері мен 3-сыныптағы суреттердің айырмашылығын салыстырады, уақыт өте келе есейеміз, өсеміз. Демек, балалар біздің өтіп жатқан бөліміміз Уақыт деп аталатынын барлығымыз білеміз. Ендеше суреттердің артқы жағын ашып көрейік қандай сөз шығады екен? Ендеше сабағымыз Түбір мен қосымша туралы болмақ екен.</p> <p>Оқулықпен жұмыс «Түсініп оқу» стратегиясы Қ. Аманжоловтың өлеңін тыңдайық. - Жетпістегі ата неге күрсінді деп ойлайсың? - Жетпістегі ата балалақ шағын аңсады Оның неге күрсінгенін бала түсінді ме? Өз ойыңмен бөліс. - Қарамен жазылған сөздердің түбірін тап. Түбір сөздің жазылуындағы өзгерістің себебін түсіндір.</p>	<p>Мәтінді тыңдап, тапсырманы орындайды.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді</p>	<p>ҚБ 1балл</p> <p>ҚБ 1балл</p>	<p>Оқулық, дәптер</p>

<p>Бекіту 15 мин</p>	<p>Дескриптор: - Жетпістегі атаның күрсіну себебін анықтайды, өз ойын білдіреді -Қарамен жазылған сөздерді табады -Түбірге жалғанған қосымшаның жуан немесе жіңішке екенін ажыратады Дәптермен жұмыс жүзеге асырылады. Жеке жұмыс «Жұбын тап» ойыны 41-жаттығу. Сөздерді көшіріп жаз. <i>Халық – халқы, ерік – еркі, құлып – құлпы, орын – орны, бөрік – бөркі.</i> Дескриптор: -тақтадан сөздерді жұптастыра алады - сөздерді қатесіз көшіріп жазады -сөздерді салыстырады -түбір сөздің жазылуын өзгерткен қосымшаны атайды -сөздердің жазылуын есте сақтайды. Сергіту сәті Грамматикалық ширату «Көз жұму» стратегиясы «Шапалақ» стратегиясы арқылы : түбір сөзді естігенде 1 рет, туынды сөзді естігенде көз жұму керек <i>Ас, астық, жас, жастық, әнші, ән, күйші, күй, шеге, шегеле, үтікте, үтік, т.с.с.</i> Жұптық жұмыс «Ішіне , сыртына» әдісі Шеңбердің ішіне түбір сөздерді, шеңбердің сыртына қосымшалы сөздерді топтап жазады: <i>кезекші, дос, іскер, уақыты, сыйлық, бала, кітап,ас.</i> Дескриптор: -түбір мен қосымшалы сөздерді ажырата алады -түбір сөз бен қосымшалы сөздердің жазылуын біледі Топтық жұмыс «Жылдам құрастыр» ойыны Әр топ бір сөзбен сөйлем құрастырады 42-жаттығу Тізбектің басында тұратын сөзді тап. Түбір сөзді қатыстырып сөйлем құра. Жақ, тік, тақ сөздері. Сәуле, бөлменің жарығын жақ. Алмагүл , жейдеңнің түймесін тік. Қызым,сабаққа бантик тақ. Дескриптор: -тізбектің басында тұратын сөзді табады.</p>	<p>Тапсырмаларды орындайды.</p>	<p>ҚБ 1балл</p> <p>ҚБ 1балл</p> <p>ҚБ 1балл</p> <p>ҚБ 1балл</p>	<p>жасыл сағат сары сағат қызыл сағат</p> <p>Оқулық, дәптер</p> <p>жасыл сағат сары сағат қызыл сағат</p> <p>жасыл сағат сары сағат қызыл сағат</p> <p>жасыл сағат сары сағат қызыл сағат</p>
--	---	---------------------------------	---	---

	-түбір сөзді қатыстырып сөйлем құрайды.						
Бағалау	№	Тапсырмалар	Балл	Өзіндік бағалау			
	1	Үй тапсырмасы Google forms тест	5				
	2	« Жасырын фото » ойыны	1				
	3	« Түсініп оқу » стратегиясы Өлеңді мәнерлеп оқи аламын	1				
	4	« Жұбын тап » ойыны Әдемі, көркем жаза аламын	1				
	5	Жұптық жұмыс « Ішіне , сыртына » әдісі Түбір сөз бен қосымшалы сөзді ажырата аламын	1				
	6	Топтық жұмыс « Жылдам құрастыр » ойыны Түбір сөзге сөйлем құрастыра аламын	2				
	Жалпы балл			10			
	8-10 балл- «5 » 6-7 балл-«4» 4-5 балл -«3»						
Кері байланыс	<p>«Ойды аяқта» әдісі кері байланыс жазады Бүгін мен білдім.... Қиындық тудырды.... Мұғалім сөзі: Уақыт бұл біздің өтіп жатқан өміріміз. Біз мұны көбіне біле бермейміз. Уақытымыз өтсе қуанамыз. Адамның босқа кеткен уақытын кері қайтару мүмкін емес. Біз өзіміз уақытты үнемдеп босқа жібермеуге тырысуымыз керек. Оқу тапсырмасы: 43-жаттығу.</p>				<p>Сабақтан үйренгенін айтады.</p> <p>Оқу тапсырмасын жазып алады.</p>		Сағат суреті

«ЖАРАТЫЛЫСТАНУ» БІЛІМ САЛАСЫ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



Ақтөбе қаласы
№51 гимназия
физика пәні мұғалімі
Курбанбаева Салтанат Аманкелдіқызы

Жалпы білім беруді жаңартудың өзектілігі оның жеке тұлғаның даралануын күшейтуден, 12-жылдық мектептің жоғарғы сатысындағы білім берудің тиімділігі мен функционалдылығын арттырудан тұрады, бұл үшін бейінді оқыту жағы қарастырылады және жоғары сыныптарда білім алушыларды жеке дара оқытуға және әлеуметтендіруге, сондай-ақ еңбек нарығының сұранысын ескеруге бағдарланған мамандануға дайындық жүйесін құру мәселесі қойылады. Қазақстандық білім беру жүйесінің бейінді оқытуға көшуі оқушылардың танымдық қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға және оқушының жеке тұлғасын дамытуға, оның мотивациялық (уәждемелік) аясын, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға бағытталуы тиіс орта жаратылыстану білім берудің мақсаттары мен міндеттерін өзгертуді талап етеді.

Білім берудің жаңа мақсаттарына жетуге жіктеп және даралап оқытудың құралы болып табылатын бейінді оқыту толығымен ықпал ете алады және жоғары сынып оқушыларының білім алуды одан әрі жалғастыруына байланысты олардың мамандыққа қызығушылығына және ынтасына сәйкес оқытуға жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Әдіскерлер, дидакттар, психологтар жіктеу және даралау, даралауға ықпал ететін мақсаттарды анықтау проблемаларын, сонымен қатар 12 жылдық мектепте бейінді оқытудың мазмұнын қалыптастыру мәселесін қарастыруда. Бүгінгі күні бір жағынан, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және экологиялық өзгеру жағдайында физикалық, химия-биологиялық білім берудің құрылымы мен мазмұнын жаңарту, екінші жағынан, жоғары сыныптағы бейінді оқытуды теориялық және әдістемелік тұрғыда жетілдіру жұмыстары жүргізілді.

«Жаратылыстану» білім саласының мазмұны «Биология», «Физика», «География», «Химия» пәндері арқылы жүзеге асырылады.

«Физика» оқу пәні

Физика пәні материяның салыстырмалы түрде қарапайым, сонымен қатар неғұрлым жалпылама түрлерін (зат, өріс, энергия) және материя қозғалысының күрделірек түріне енетін қозғалыстың физикалық түрін зерттейді. Материяның жалпылама, іргелі құрылымды түзілістерімен және қасиеттерімен айналысатын физика ғылымы білім беруді ұйымдастырудың неғұрлым жоғары сатысына жетті және оның дамыған математикалық және эксперименттік зерттеу құралдары бар. Оның түсініктері, зерттеу нәтижелері мен әдістері, ойлау стилі бүкіл жаратылыстанымдық ойлау стиліне елеулі ықпалын тигізеді. Іргелі физикалық теориялардың біртұтас жүйесі ретінде ұсынылған әлемнің физикалық бейнесі оқушылардың дүниетанымын және біртұтас ғылымижаратылыстану бейнесі туралы көзқарасын қалыптастырудағы басым модель болып табылады.

Физика оқу пәні ретінде қоршаған әлемнің сансыз құбылыстарында орын тебетін табиғаттың жалпы заңдылықтарын қарастырады, оның ғылыми, техникалық және гуманитарлық әлеуеті бар, ол адамзат мәдениетінің маңызды құраушысы болып табылады .

Физика ғылымының дидактикалық принциптер негізінде оқу пәніне трансформациялануы оқу пәнін зерделеудің объектілерін нақтылау арқылы қоршаған дүниенің сан алуан құбылыстарында орын тебетін табиғат заңдылықтарын қарастыруға мүмкіндік береді.

Жаратылыстану және техника ғылымдары саласының қарқынды дамуы елімізде жоғары білікті мамандар даярлауды талап етуде. Жалпы орта білім беретін мектептерде физика пәнінен бейіндік-бағдарлы білім бермей, бұл мәселені шешу мүмкін емес.

«Физика» оқу пәнінің бағдарлы деңгейі – белгілі бір бағыт пен оқу бағдарын таңдап алған оқушылардың игеруі міндетті болып табылатын деңгей. Мазмұнның бағдарлы деңгейі жаратылыстану-математикалық бағыттың қайсыбір бағдарлары аясындағы оқушылардың физикадан жалпы білімдік дайындығын кеңейтуді және тереңдетуді, сондай-ақ таңдап алған оқу бағдары немесе мамандық саласы бойынша білім берудің келесі деңгейімен сабақтастықты қамтамасыз етеді.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы «Физика» оқу пәнін бағдарлы оқыту мақсаты ғылыми дүниетаным негіздерін қалыптастыру, мектеп оқушыларының зияткерлік қабілеттері мен танымдық қызығушылығын дамыту, құндылық бағдарларды тәрбиелеу болып табылады. *Физиканы оқытудың білімділік мақсаты:*

- физика ғылымының негізімен, оның негізгі ұғымдарымен, заңдарымен, теориясымен таныстыру.
- оқушылардың санасында қоршаған әлемнің жаратылыстану-ғылыми көрінісін қалыптастыру.
- жаратылыстану-ғылыми зерттеулердің негізгі әдістемелерін меңгерту. – политехникалық білім беру.

Физиканы оқытудың тәрбиелік мақсаты:

- диалектикалық-материалистік дүниетанымды қалыптастыру. – оқушыларды танымдық және практикалық іс-әрекетте дұрыс методологиялық тәсіл жасауға үйрету.
- еңбекке, ынталылыққа және қиындықтарды жеңуде табандылыққа тәрбиелеу.

Физиканы оқытудың дамытушылық мақсаты:

- оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, индуктивті, дедуктивті, ұқсастық бойынша ой қорытуды пайдалана білу.

– физика ғылымының құрылымын түсінуді қалыптастыру. – физикалық теориялардың, олардың элементтерінің, ұғымдардың, модельдердің, заңдардың қолданылу шекаралары туралы білімді қалыптастыру.

– белгілі теориялық қағидаларды, математикалық аппараттарды, графиктік әдістерді, анықтамалық әдебиеттерді, есептеу техникасын және т.б. пайдаланып, есеп шығару дағдысын дамыту.

– физикалық құралдардың жұмыс принципін, құрылысын біліп, оларды пайдалана отырып, өлшеу нәтижелерін өңдеу және өлшеу қателіктерін анықтап, эксперименттен алынған шамалар бойынша қорытынды жасап, эксперимент жүргізу икемдігін дамыту.

- қарапайым техникалық қабілеттілікті дамыту.
- оқытудың қарастырылған жалпы мақсаттары физиканы оқыту процесін құрудың негізі, іргетасы болады.

Оқу пәнінің міндеттеріне:

– қазіргі заманғы әлемнің физикалық бейнесінің негізінде жатқан іргелі заңдар мен принциптер туралы; табиғаттың ғылыми таным әдістері туралы білімді игерту;

– бақылаулар жүргізе алу, экспериментті жоспарлап, оны жүзеге асыра білу, физикадан игерген білімдерін әр түрлі табиғат құбылыстары мен процестерді түсіндіру үшін пайдалана білу, физикадан игерген білімдерін күнделікті өмірдегі және зертханалық мәселелерді шешу, жобаларды орындау, әр түрлі іс-әрекет түрлерінде жаңа міндеттерді қоя алу үшін қолдана алу; ғылыми-жаратылыстану ақпаратының сенімділігін бағалай алу; игерген физикалық білімдерімен жұмыс істей алу үшін әр түрлі ақпарат көздерін және жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана алу.

Бағдарлы оқыту деңгейіндегі «Физика» курсының мазмұны іргелі физикалық теориялардың динамикалық түрде дамитын жүйесі ретіндегі дүниенің ғылыми-физикалық бейнесі туралы шынайы

көзқарас қалыптастыруға бағытталған тұжырымдық идеяға сәйкес анықталады. Физиканың мазмұны осы іргелі теориялар төңірегіне топтастырылады.

«Физика» пәні бойынша білім беру мазмұны ғылымилық, жүйелілік, түсініктілік, біртұтастық, сабақтастық сияқты принциптер негізінде таңдалып алынған.

11-12 сыныптарға арналған «Физика» оқу пәнінің мазмұндық және әдістемелік құраушылары оқушылардың пәндік, коммуникативтік, ақпараттық, әлеуметтік құзыреттерін мақсатты дамыту арқылы орта білім берудің жалпы мақсаттарын жүзеге асыруға қарай бағытталған және келесі түйінде көрініс табады:

Пәндік құзырет: іргелі өзара әрекеттесулерді (гравитациялық, электромагниттік, күшті және әлсіз) сипаттайтын, зат және өріс құрылымын қалыптастыратын негізге алынатын ұғымдарды, заңдарды және теорияларды пайдалана алады; игерген білімдерін физикалық есептерді шығару және шығармашылық жобаларды орындау, өмірлік тәжірибеде, тұрмыста туындайтын проблемаларды шешу үшін қолдана алады;

Ақпараттық құзырет: физикалық құбылыстарды, заңдылықтарды негіздеу үшін әр түрлі ақпарат көздерін және қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалана алады; игерген физикалық білімдерін физикалық ақпараттың ақиқаттығын бағалау үшін қолдана алады,

Коммуникативтік құзырет: игерген физикалық білімдерін өзін қоршаған адамдармен қарым-қатынас жасауда пайдалана алады, өмірлік тәжірибеде, тұрмыста туындайтын проблемаларды шешуде топта, командада тиімді әрекеттесе алу үшін физикалық білімнің ақпараттық-ұғымдық өрісінде бағдарлана алады;

Әлеуметтік құзырет: қоршаған ортаның шынайылығын танып-білуде, әлеуметтік ортада оңтайлы қарым-қатынас жасауда физикалық білімнің құндылығын түсіне алады; адамгершілік нормаларға сәйкес физикалық білімін шығармашылықпен пайдалану арқылы жасампаздық шешім қабылдай алады.

Физика ғылым ретінде адамзат мәдениетінде маңызды орын алады. Өзінің мазмұнында деректерді, түсініктерді, заңдарды, теорияларды, модельдерді, іргелі тәжірибелерді, физика әдістерін және т.б. қамти отырып, адам қызметінің түрлі саласында кеңінен қолданыс табатын түсініктер, ойлау жүйесі мен практикалық қызметі үшін тиімді тәсілдер қоры жинақталады.

Қазіргі әлемде ғылыми-техникалық революция жағдайында өнеркәсіптің барлық салаларында жоғарғы біліктілікті жұмыскерлер керек. Олар қазіргі заманғы күрделі машиналарды, компьютерлерді, робот-автоматтарды, басқарылатын станоктарды, т.б. жеңіл меңгере алатындай болуы керек. Сондықтан мектептің алдында оқушыларды тиянақты жалпы біліммен қамтамасыз ету және өз бетінше оқып-үйрену дағдысын қалыптастыру, қысқа мерзімде жаңа мамандық алуға немесе өндірістің дамуына қарай басқа мамандықты тез игеруге бейімдеу міндеті тұр.

Физиканы оқығанда, оқушылар тек ғылымның негізін біліп қана қоймай, ғылыми таным әдістерін, қазіргі заманғы өндірістің, техниканың, адамға тұрмыстық қызмет көрсетудің практикалық тәсілдері мен икемдіктерін игере білуі тиісті. Осыған байланысты қазіргі мектептерде бейіндік-бағдарлы білім беру үшін оқу әдістемесінің мазмұнын әлеуметтік, ғылыми-техникалық прогреске сәйкестендіру қажет. Сондықтан «Физика» оқу пәнін жаратылыстану-математикалық бағытта бейіндік оқытуда адамның табиғатпен өзара қарым-қатынасы, адамның ғаламдағы және планетадағы орны, өмірлік мәні бар мәселелер және оқушыларға білім беру мен тәрбиелеуде үлкен маңызы бар лабораториялық және практикалық жұмыстар кең орын алады.

Физикалық құбылыстарды, тарихи-ғылыми және тарихи-өмірбаяндық материалдарды зерделеуде пәндік дағдылармен қарулану және пәнді жақсы түсіну математикамен, химиямен, биологиямен және географиямен пәнаралық байланыс арқылы қамтамасыз етіледі.

Қазіргі заманғы ғылыми дүниетаным тұрғысынан бейіндік-бағдарлы білім беруде физикалық теориялардың негізін – Ньютон механикасы мен релятивтік механиканы, молекулалық-кинетикалық теория мен термодинамиканы, электродинамика мен электрондық теорияны, толқындық, геометриялық және кванттық оптиканы, кванттық механиканы, атом, атом ядросы, элементар бөлшектер физикасын зерделеуді ескереді.

Физиканың теориялық мәнділігі мен практикалық бағытталуы көп жағдайда зерттеушілік сипатта болып келетін лабораториялық жұмыстар жүйесінде де көрініс табады.

Физиканы зерделеуге саналы қатынас шығармашылық тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді, яғни бұл пән оқушылардың ой-өрісінің қарқынды дамуына маңызды үлес қосады, сондай-ақ эстетикалық талғамдылықты, әдемілікті, адам ойының күштілігін және оның қоршаған ортаны тану қабілетінің молдығын сезіне білуге үйретеді.

«Физика» пәні бойынша бейіндік-бағдарлы білім беру кезінде мұғалім оқушылардың өз бетінше танымдық іс-әрекетін көрсететін оқыту технологияларын пайдалана отырып, оқу процесін ұйымдастыруына бағытбағдар береді.


«Физика» оқу пәнінің бағдарлы деңгейі – белгілі бір бағыт пен оқу бағдарын тандап алған оқушылардың игеруі міндетті болып табылатын деңгей. Мазмұнның бағдарлы деңгейі жаратылыстану-математикалық бағыттағы әр түрлі бағдарлар аясындағы оқушылардың физикадан жалпыбілімдік дайындығын кеңейтуді және тереңдетуді қамтамасыз етеді. «Физика» оқу пәнінің бағдарлы деңгейі тандап алынған бағыт пен мамандану саласындағы білім берудің келесі деңгейімен (орта және жоғары кәсіби) сабақтастықты қамтамасыз етеді.

МЕН БАҚЫТТЫ БАЛАМЫН



Ақтөбе облысы, Шалқар қаласы
№8 жалпы орта білім беретін мектептің
бастауыш сынып мұғалімі
Айназарова Гүлзира Данағұлқызы

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары(оқу бағдарламасына сілтеме)	4.2.6.1 Кейіпкердің, кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, салыстырып бағалау 4.2.3.1 Шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректеріне келтіре отырып дәлелде.
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: Кейіпкердің іс-әрекетін бағалай алады. Оқиғалардың маңызды тұстарын талдауға, салыстыруға қатыса алады. Көптеген оқушылар: Талдау жасай отырып, мәтіннің негізгі ойын анықтай алады, оқуды әлеуметтік және жеке маңызды құндылық ретінде сезінеді Кейбір оқушылар: Өзі үшін құнды заттардың (нәрселердің) атауын жаза алады, не үшін құнды екенін дәлелдей алады.
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау
Бағалау критерийлері	1. Кейіпкердің іс-әрекетін бағалайды. 2. Оқиғалардың маңызды тұстарын талдауға, салыстыруға қатысады. 3. Талдау жасай отырып, мәтіннің негізгі ойын анықтайды.
Құндылықты дарыту	Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлай отырып, бақыт ұғымын кеңінен түсіндіру, өзінде барды бағалауға, қанағатшылдыққа тәрбиелеу.
Пәнаралық байланыстар	Көркем еңбек
АКТ қолдану дағдылары	аудиожазба, презентация
Бастапқы білім	Жалпы құндылық туралы ұғымдары қалыптасқан, өз-өзіне, өз іс-әрекетіне баға бере алады.

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
<p>Басталуы 4 мин</p>	<p>1.Психологиялық ахуал (кітап бұрышын ұйымдастыру) 2019 жыл кітап жылы деп жарияланды. Елімізде 2007 жылдан бастап «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы өткізіліп келеді. Акцияның мақсаты – жастарды патриоттыққа және адамгершілікке тәрбиелеуге, ана тілге мұқият қарауға, оқу мәдениетін қолдау. Биылғы жылы жалпы оқуға Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романы мен Әбділда Тәжібаевтың өлеңдері таңдап алынды. Акция ағымдағы жылдың 30 желтоқсанына дейін жалғасады.<i>Осы жобаның шартына сәйкес жас ерекшелігімізге байланысты «Денсаулық», «Білім», «Еңбек» атты кітаптарды оқуға таңдап алып отырмын.</i> <i>-Бұл кітаптарды не үшін таңдады деп ойлайсыңдар?</i> <i>-Дұрыс, бақытты өмір сүру үшін қажет. Ендеше, өзіңе ұнаған кітапты таңдап ала қойыңдар.</i></p>	<p>«Бір ел –бір кітап» бұрышы</p>  <p>Кітап пішіндері</p>
<p>5 мин Қ.Б. «Түйінді ой» әдісі Топ басшысы топ атынан шығып, топтың түйінді ойын жеткізеді. Дескриптор: -Өз көзқарастарын білдіреді - Ортақ түйін жасайды.</p>	<p>«Мен бақыттымын » жаттығуы Балалар шеңбер құрып тұрып, «Мен бақыттымын, өйткені...» деп сөйлемді толықтырып аяқтайды. Кітап атаулары бойынша топқа бөлініп отырады 1-топ: ДЕНСАУЛЫҚ 2-топ: БІЛІМ 3-топ: ЕҢБЕК Топ басшысы сайланып, бағалау парағы беріледі. Т.Ж. 1-тапсырма: «Сөйлесейік-бірге орындайық-сипаттайық» әдісі Барлық топқа бірдей сұрақ қойылады. Оқушылар топта ақылдаса отырып, ортақ түйін жасайды -Отбасында, өмірде бақытты болу үшін не істер едің? Ынталандыру әдісі: (өзіне деген сенімділігін нығайту мақсатында) Еңбегің бүгін жемісті болды! Күннен күнге жақсарып келе жатырсың! Бүгін сен бізді қуанттың! Сенің мүмкіндігің жоғары, ешуақытта ерінбе</p>	<p>Кеспе қағаз</p>
<p>3 мин 3 мин 18 мин</p>	<p>Ұ.Ж. «Бақыт деген не?» аудиожазба тыңдатылады. «Нені бақылау керектігі» туралы нұсқау беріледі Ж.Ж. 2-тапсырма Мәтінді оқушылардың іштей оқуы Т.Ж. 3-тапсырма « Карусель» әдісі Шарты: топқа ойларын қағазға жазуға 3 минут беріледі. Уақыт аяқталғанда топ басқа топқа ауысып алдағы топтың жұмысын жалғастырады. Ауысу әр 3 минут сайын болып тұрады, әр топ барлық позицияларда болып шыққанға және</p>	<p>Аудиожазба</p>

Қ.Б. « Серпілген сауал » әдісі
 Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға, талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу үшін сыныптағы оқушыларға сұрақтарды лақтыру.
Дескриптор:
 – Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалайды
 – Сұрақтар дайындайды
Қ.Б. «Еркін микрофон» әдісі
 Ережелерді кезекпен айтып шығады.
Дескриптор:
 - Тапсырманы топта талқылайды.
 - Ереже құрастырып шығарады
Қ.Б. « Дұрыс және бұрыс» әдісі
Атау мен дәлелдеуді оқыған кезде басқа топ мүшелері дұрыс, бұрыс деген белгі береді
Дескриптор:
 -Құнды заттарды анықтайды.
 -Автор пікірін мысал келтіру арқылы дәлелдейді

барлық топтардың ойларын ойлап шыққанға дейін жалғаса береді
1-топ: « Оңай және қиын сұрақтар » әдісі.
 Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалайтындай оңай және қиын сұрақтар дайындайды. Мыс: оңай сұрақтар дегеніміз мәтінде жауабы бар сауалдар, ал қиын сұрақтардың жауабы мәтінде жоқ, оларға тек өзіндік тұрғыдан ғана жауап беруге болады.

Оңай сұрақтар	Қиын сұрақтар

Ынталандыру әдісі: Әлі де тырысу керек!
 Мен сенің табыстарыңа қуанамын!
 Сенен бәрі үлгі алу керек, жақсы!

2-топ: « Ойлан, жұптас, пікірлес » әдісі.
 Денсаулығыңды күтуге арналған ереже құра.

р/с	Денсаулықты күтуге арналған ережелер

Ынталандыру әдісі: Бәрі де қателеседі,
 Түзету үшін шаршама!
 Дамуыңа үлес қосқан, ата-анаң

3-топ: «Біз үшін құнды» әдісі
 Өзің үшін құнды заттардың (нәрселердің) атауын жаз, не үшін құнды екенін дәлелде.

Құнды заттардың атауы	Не үшін құнды?

Ынталандыру әдісі: Жұмысыңның барысы дұрыс!
 Табысқа жетудің тағы бір қадамын көрсеттің!
 Бүгін сені тани алмадым!



Таблица

Кесте

Аяқталуы
4 мин
Қ.Б. «Бір минуттық әңгіме» әдісі
 2 жұп кезекпен бір-біріне жазғандарын оқып береді.
Дескриптор:
 -Сұрақ төңірегінде ойланады

ЖЖ. 4 – тапсырма
«Еркін пікір» саралау әдісі
 Кестедегі сұрақтарға жүйелі жауап жазу

Өз бойыңда қандай жақсы қасиет бар?	Өз бойыңда қандай жаман қасиет бар?	Шебердің сөзінен қандай сабақ алдың ?

Рефлексия

<p>-Ойларын жинақтап жазады</p> <p>3 мин</p>	<p>«Менің таңдауым» әдісі Шарты: көлемдері әртүрлі 3 кітап қойылады. Оқушылар бүгінгі алған білімдерін сол кітаптың көлемімен сәйкестендіре отырып, сабақтан алған әсерлерін жазып, кітаптың біреуіне салады.</p> <p>-Балалар, бүгінгі сабаққа өте жақсы қатысып, білім деңгейлеріңді көрсетіп, өздеріңді теледидар бетінен көріп отырсындар. Осы деңгейге қалай жеттіңдер? Білімнің. Білімімізді көрсету үшін не істедік? Еңбектендік. Еңбектену үшін бізге жақсы көңіл-күй қажет. Ал көңіл-күй болу үшін денсаулық болу керек. Бүгін бізде 3-еуі де болды.Ендеше, біз қандаймыз? Ендеше, бәріміз хормен «БІЗ БАҚЫТТЫ БАЛАМЫЗ» деп, сабақты аяқтаймыз.</p> <p>Ал менде сендермен дәл осы сәтте мән-мағынасы терең, керемет сабақ өткізгеніме бақыттымын.</p>	<p>Кітап макеттері</p> <p>Стикер</p>
---	---	--------------------------------------

ӘЖЕМНІҢ АУЫЛЫНА ҚОНАҚҚА БАРАМЫЗ



**Ақтөбе қаласы, Қарғалы ауданы
 №51 «Жарқын бала» бөбекжай-балабақшасының
 тәрбиешісі
 Елеукенова Ботакуз Абибуллаевна**

Мақсаты: Балаларға заттардың түстерін ажырата білуге және түстерді дұрыс атауға үйрету.Түстерді ажырата білуге, геометриялық пішіндерді табуға,түсіне байланысты әр түрлі заттар құрастыруды бекіту. Балалардың ойлау, есте сақтау, бақылау қабілеттерін, талдау, сөздік қорын байыту, тілін, зейінін саусақ бұлшықеттерін дамыту. Сүйіспеншілікке, бірін-бірі сыйлауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Қажетті құрал-жабдықтар, көрнекіліктер: Сандықша, қоржын, асықтар, кежекей, сыйқырлы кілемше.

Әдіс- тәсілдер: әңгімелесу,түсіндіру,салыстыру,сұрақ-жауап,саусақ жаттығуы.

Сәлеметсізбе деп қонақтармен амандасады.

Тәрбиеші: Балалар әдемі қоржын тауып алдым, қоржынның ішіне не бар екенін қарайық. Ішінде хат бар екен,хатты әжеміз жазған. Амансындарма немерелерім! Маған сендердің көмектерің керегіп тұр, соған ауылға қонаққа шақырамын!

Нестейміз әженің ауылына барамызба? (Балалар келіседі)

Әженің ауылына бару үшін біздер сыйқырлы кілемшемен барамыз,бірақ кілемшеміз тесіліп қалған соны жамауымыз керекпіз.

Балалар кілемді геометриялық пішіндермен жамап болған соң сергіту жаттығуын жасайды.

Сергіту жаттығуы: Балалар осыдан кейін жолға шығады.

Дидактикалық ойын: «Сыйқырлы кілемше»

Мақсаты: Балаларға дөңгелек,шаршы және үшбұрыш геометриялық пішіндерді бір- бірінен ажырата білуге үйрету.Айырмашылығын және ұқсастығын ажырата білуге үйрету. Ой қабілеттерін дамыту. Мұқияттылыққа тәрбиелеу.

Балалар әжемен амандасады. Әже сізге қандай көмек керек біздің балалар бәріне дайын.

Немерелерім мына сандығымның іші шашылып қалған соны ретке келтіріп бересіңдерме. Нестейміз балалар көмектесемізбе. Жарайды ішінде не бар екенін қарайықшы.

Балалар қарайықшы әдемі өнері бар кәжекей бар екен осының бауын тауып түсіне қарай өткізіп берейік.

Саусақ жаттығуы.

Дидактикалық ойын: «Бауын тапта өткіз»

Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру. Түстерді ажыратып, бауын өткізуге үйрету, ұсақ қол моторикасын дамыту. Кәжекейдің үлкен кіші екенін ажырату.

Тағы не бар екенін қарайық.

Әже немерелеріне мына асықтар араласып кеткен екен соны түсіне қара ажыратып беріңіздер. Балалар асықтарды түсіне қарай қоржынға салып береді.

Дидактикалық ойын: «Түрлі-түсті асықтар»

Мақсаты: Ойын арқылы балалардың білімін білік дағдыларын қалыптастыру. Асықтарды сыртқы белгілеріне қарай ажыратуға үйрету. Ойын арқылы баланың қызығушылығын туғызу және асықтардың түсін тану арқылы ақыл-ой белсенділігін арттыру. Қол мен саусақ ұштарының қимылын дамыту.

Әже балаларға алғысын айтады, жарайсыңдар немерелерім сендер көп-көп рахмет.

Тәрбеші балаларға енді қайтатын кезіміз келді, әжемен қоштасайық.

Сау болыңыздар!

Енді балалар осы сыйқырлы кілемшеге көзімізді жұмып мініп, балабақшамызға қайтайық.

НОБЕЛЬ СЫЙЛЫҒЫ ЛАУРЕАТТАРЫ - ФИЗИКТЕР

**Ақтөбе қаласы
№51 гимназияның
физика пәні мұғалімі
Айназарова Калампыр Жумагуловна**

Кластан тыс сабақ (конференция сабақ)

Залда Шопеннің классикалық музыкасы ойнап тұрады

Конференция сабақтың жоспары:

1. Кешті бастау
2. Конференция қонақтарын таныстыру
3. Нобель сыйлығы лауреаттары туралы қатысушылар шығып сөйлейді.
4. Конференция қонақтарына сөз беріледі
5. Жарыссөз (қонақтарға сұрақтар қойылады, қатысушыларға да сұрақтар қойылады)
6. Кешті аяқтау

1-жүргізуші: Саламатсыздар ма, қадірлі қонақтар, құрметті ұстаздар және жаңалыққа, білімге жаны құштар оқушылар! Бүгін біз сіздерге физика саласы бойынша Нобель сыйлығының лауреаттары болған ғалымдардың еңбегімен, ғылым жолындағы жаңалықтарына көз жүгірту барысында «Нобель сыйлығы лауреаттары - физиктер» атты кешімізді ұсынғалы отырмыз.

2 жүргізуші: Біздер жаңа ғасырдың жас буын өкілдері, жаңалыққа жаны құмар ізденімпаз жастармыз, ендеше ден қойып өздерімізге тың деректер алып қайтайық. Сонымен, 10 класстар арасындағы «Нобель сыйлығы лауреаттары - физиктер» атты танымдық шараға қош келдіңіздер. Құрметті оқушылар, осы кеш барысында айтылған мәліметтерді мұқият тындап отырыңыздар, шараның соңында сұрақтар беріледі, сыйлықтар ойнатылатын болады.

1-жүргізуші: Алдымен, кешіміздің құрметті қонақтарын таныстырып өтуге рұқсат етіңіздер:

1. Нобель сыйлығын Қазақстаннан тұңғыш алған ғалым Достай Төлемішұлы Раманқұлов, 2005 жылғы Нобель сыйлығы лауреаты;

2. Нобель сыйлығының 2010 жылғы лауреаты Андрей Константинович Гейм;

3. Және оның шәкірті Константин Сергеевич Новосёлов 2010 жылғы Нобель сыйлығының лауреаты.

Кешімізді жалғастырамыз, кеш барысында қонақтарға қоятын сұрақтарыңыз болса сұрақтарыңызды дайындап отырсаңыздар болады. Оқушылар сонау тарих қойнауына енген, өткен ғасырда өмір сүрген адамзат үшін ерен еңбек еткен Нобель сыйлығы лауреаттары – физиктер туралы айтатын болады.

2- жүргізуші: (4 презентациядан церемония өтетін зал көрсетіледі)

Жыл сайын 10 желтоқсанда Швеция мемлекетінің астанасы – Стокгольмде физика, химия, физиология немесе медицина, әдебиет саласындағы ерекше жетістіктері және бейбітшілік сақтаудағы еңбегі үшін Нобель сыйлығы тапсырылады.

1-жүргізуші: Иә, халықаралық Нобель сыйлығы нәсіліне, ұлтына, жынысына, діни сеніміне қарамастан жоғарыда аталған салалар бойынша үздік еңбегі үшін, сондай-ақ мәні кейіннен барып әйгілі болған бұрынғы кездегі жұмыстары үшін де беріледі.

2- жүргізуші: Алдымен Нобель сыйлығы деген қандай сыйлық екендігі жөнінде мәлімет алу үшін **10 «Д» класс оқушысы Ибрашева Айзереге** сөз беріледі: (5-6-7-8-9 презентациялар)

Нобель сыйлығы – жыл сайын берілетін халықаралық сыйлық. Альфред Нобель атындағы сыйлыққа ғылыми зерттеу, әлемді дүр сілкіндірген ерекше жаңалықтар, мәдениет немесе қоғам дамуына зор үлес қосатын жұмыстар дайындаған азаматтар ие бола алады. Бұл сыйлық 1895 жылы швед өнертапқышы және өнеркәсіп иесі Альфред Нобельдің өсиеті бойынша тағайындалған. Сыйлық көлемі – 1 млн. 100 мың АҚШ доллары. Нобель сыйлығы 1901 жылдан бастап әдебиет, физика, химия, физиология және медицина саласындағы жаңалықтар үшін беріледі. Сонымен қатар бүкіл әлемде бейбітшілік орнатуға арналған іс-әрекеттер де назардан тыс қалмайды. Физика саласында тұңғыш лауреат атанған адам - сәулеленуді ойлап тапқан Вильгельм Конрад Рентген болды. Рентген сәулеленуі қазіргі күнге дейін бүкіл әлемде медицина саласында қолданылып келеді

1-жүргізуші: Әлі күнге дейін жыл сайын беріліп келе жатқан осы сыйлықты тағайындаған Альфред Нобель кім болғандығы туралы **10 А класс оқушысы Ширдабаев Ислам** айтып берсін. (10 презентация) біз білетініміздей, Нобель сыйлығын Альфред Нобель ойлап тапты, алайда бұған себеп болған оқиғаны көп адам біле бермейді. Альфред Нобель 1833 жылы Стокгольмде, инженер отбасында дүниеге келген. Әкесі Эмануэль Нобель, жер асты жолдары мен көпірлердің құрылысымен айналысады. Альфред ер жеткен кезде өзінің ағаларымен бірге әкесі ашқан отбасылық кәсіппен шұғылдана бастайды. Альфредтің бойындағы өнертапқыштық қасиеті әкесінен берілген. Таулы аймақта жол салу үшін ол кездері нитроглицерин және қопарғыш секілді жарылғыш заттарды пайдаланған болатын. Алайда бар мәселе нитроглицеринді алыс аймаққа тасымалдаудың мүмкін еместігінде болды, өйткені ол өте сезімтал, сәл қозғалуға шыдас бермейтін. Осылайша, 1888 жылы әкесінің фабрикасында жұмысшылар нитроглицеринді тасымалдауға бекінген кезде жарылыс болып, алты адамның өмірін ажал құшады, оның ішінде Альфредтің ағасы – Эмиль Нобель де болатын. Осы оқиғадан кейін Альфред Нобель нитроглицеринді тау шөгіндісімен араластырып нәтижесінде тасымалдауға жеңіл қоспа дайын алады. Бұл қоспа жарылу күші жағынан нитроглицериннен кем түспейді. Уақыт өте келе, қосымша бірнеше құралдарды пайдалана отырып, Альфред Нобель жарылғыш затты патенттейді, бастапқыда оған: «Нобельдің қауіпсіз дәрісі» атауын береді. Ал уақыт өте келе, Альфред оған жаңа атау ұсынады, ол грек тілінде күш мағынасын беретін «Динамит» болатын. Аз ғана уақыт ішінде динамитті ойлап табу Альфредке зор табыс пен көп ақша әкелді. Алғашында динамитті өндіріс мақсатында шахталарды жаруда, жол салуда және ескі ғимараттарды талқандауда қолданды. Кейін оның күші мен шамасын біле отырып, әскери мақсатта да пайдалана бастады. Альфредтің пацифистік идеяны көрсеткенімен де, көп ақшаға деген қызығушылығы оның динамит және өзге де жарылғыш-қопарылғыш заттарды дайындайтын 90-ға жуық зауыт пен фабрикаларды ашуына түрткі болды.

Журналистер ағасының өлімін Альфред Нобель деп ойлап «Өлім сатушысы өлді», «қанмен байыған миллионер» дүниеден озды деп жазады. Альфред Нобель өмір бойы отбасын құрмаған адам. Ол бала да

сүймеген. Ойлана келе Альфред Нобель ел есінде адамзаттың жауы ретінде есте сақталғысы келмеді. Оған өсиетнама қалдыру идеясы осы орайда келеді.

Осы себеппен ол 1895 жылы 27 қарашада Париж қаласында өз өсиетнамасын жазады. Бұл хатында ол адамзатқа пайда әкелгендерге арналған сыйлықтың жобасын жазып қалдырады. Нобельдің иелігінде жарылғыш заттар шығаратын 90-ға жуық зауыты болған екен. Оның жағдайы 31 миллион крон, қазіргі ақшамен есептегенде 265 миллион долларға тең болған. Ол өз байлығының 5 пайызын Стокгольм университеті, Стокгольм ауруханасы мен Каролин медициналық университетіне табыстайды. Өз өсиетінде Нобель сыйлығы берілуі керек 5 саланы таңдайды. Олар: физика, химия, медицина, әдебиет және адамзаттың достастығы үшін жасалған әрекет. Бір жылдан кейін Альфред Сан-Ремодағы өз вилласында миына қан құйылып көз жұмады. Нобельдің тізіміне алтыншы сала болып 1968 жылы экономика қосылады. 1901 жылдан бастап Швеция парламентінің шешімімен «Нобель сыйлығы» беріле бастады.

2-Жүргізуші: (11-12 презентация)

1895 жылы жазылған өсиетте Нобель өзінің қаржы жағдайын сенімді бағалы қағаз күйінде ұстауды бұйырған. Нобельдің 1895 жылдың 27 қарашасында жазылған өсиетнамасында мынадай сөздер бар еді: «Мен, төменде қол қоюшы Альфред Бернхард Нобель ойланып осы өсиетті қалдыруды шештім: Менің барша жылжитын және жылжымайтын мүлкім өсиетнамамды іске асыратын адамдар тарапынан ақшаға айналдырылған. Сол жолмен табылған ақшалар сенімді банкке орналастырылған. Осы құнды қағаздардан келетін табыстар, оларды әр жылы, жыл соңында адамзатқа ең үлкен пайда келтірген кісілерге сыйлық ретінде тапсыратын қорға тиісті болуы ләзім... Сөз етіліп жатқан пайыздар мынадай бес бағытқа тең бөлінеді: бірінші – физика саласында ең үлкен жаңалық ашқандар; екінші - химия бағытында ең ерекше жаңалық ашқан, яки, осы саланы дамытуға үлес қосқандар; үшінші - физиология немесе медицина саласында ең үлкен жетістікке жеткендер; төртінші - әдеби бағытта ең ерекше көркем шығарма тудырғандар; бесінші - ұлттарды ынтымақтастыру, құлдықты жою, армия санын қысқарту және бейбітшілік әрекеттерін амалға асыруға үлес қосқандар үшін... Менің жеке қалауым – сыйлықтарды беруде үміткерлердің қай ұлттан екеніне мән берілмесін!». Нобель фондының хабарламасы бойынша осы 2021 жылғы Нобель сыйлығының ақшалай құны 10 млн крон немесе 1,19\$ млн.

1- жүргізуші: (13-14 презентация)

Өсиетке сәйкес, марапат беруге Швеция мен Норвегия еліндегі төрт ұйым жауапты болуы қажет. Олар Швед ғылым академиясы, Стокгольмдегі Каролин институты, Стокгольм академиясы, сондай-ақ, бес мүшеден тұратын Норвегия парламенті сайлаған комитет. Салтанатты шараға Швед ханзадасы XVI Карл Густава мен ханшайымы Сильвинбалаларымен қатысып отырады.

2-жүргізуші: (15-16 презентация)

Нобель марапаттауынан кейін 10 желтоқсанда Стокгольмда Мэрийдің Көк залында банкет өтеді. Банкетке дресс-код бойынша әйелдер кешкі көйлекпен, ер адамдар ақ рубашка қара костюм және бабочкамен келулері шарт. Банкетте бірнеше тағамнан тұратын кешкі ас беріледі, көңілді бағдарлама ұйымдастырылады. Одан соң Алтын залда би ұйымдастырылады. Бұл шаралардың барлығы телевидение мен радиодан тікелей көсетіледі.

1-жүргізуші: Нобель сыйлығы 1901 жылдан беріле бастады. Нобель сыйлығын алғаш алған физик ғалым – Вильгелм Рентген. Бұл туралы бізге айту үшін 10 «В» класс оқушысы **Рахатов Шахмарданға** сөз береміз. (17 презентация) Ең алғаш Нобель сыйлығының лауреаты Вильгелм Конрад Рентген неміс физигі 1901 ж. Рентгенге өзінің атымен аталатын сәулені ашуы үшін физиктердің арасында бірінші болып Нобель сыйлығы берілді. Ол 1895 жылы қысқа толқынды электромагниттік x - сәулелері кейін Рентген сәулелері деп аталған сәулелерді ашқан. Рентген сәулелерінің ашылуы сол кездегі физика ғылымының атап айтқанда, радиоактивтіліктің ашылуына зор ықпал жасады. 1885 ж. электр өрісінде қозғалатын диэлектриктің магнит өрісін ашады.

2-жүргізуші: (18-19 презентация) 10» Ә» класс оқушысы Медебаева Даянаны Нобель сыйлығын алғаш алған әйел адам туралы айтып беруі үшін ортаға шақырайын.

Нобель сыйлығымен бір емес екі рет марапатталған, ғылымда зор жетістіктерге жеткен Мария Склодовская-Кюриді әлем халқы біледі. Мария бірінші рет физика ғылымы бойынша 1903 жылы, ал 1911

жылы химия ғылым бойынша екінші рет Нобель сыйлығын алады. Мария Склодовская-Кюри - физик және химик, физика ғылымдарының докторы, профессор. Париж университетінде профессор болып сайланған алғашқы әйел адам. Ғылымның қиын саласын асқан қызығушылықпен зерттеген ғалымның радиоактивті заттарды зерттеудегі еңбектері физика мен химияның жаңа саласының негізі болып қаланды. Мария Склодовская-Кюри зайыбы Пьер Кюримен тізе қосып, зерттеу жұмыстарымен бірге шұғылданады. 1898 жылыерлі-зайыптыКюрилержаңа химия элемент полоний мен радий элементінашты. Склодовская – Кюри 1902 жылырадийдің таза тұзын, 1910 жылы француз химигіА.Дебьернменбірге металл радийдіалды. Сөйтіполрадийдіңатомдықмолекуласынекіншіретүлкендәлдікпенанықтады. 1911 жылы радий эталоныналғашретжасады. Склодовская – Кюриге Нобель сыйлығы 1903 жылы физика, 1911 жылы химия саласыбойыншаберіледі. Мария Складовская 1896 жылы ғалым Пьер Кюри екеуі отбасын құрады. Өмірлерін ғылымға арнаған ерлі-зайыптылар 1898-1902 жылдары бірлескен және жеке дара жұмыстары бар, барлығы 32 ғылыми еңбек жариялап үлгереді. Олардың арасында Кюрилер радий элементінің қатерлі ісік ауруларына шипасы барын анықтап, медицинаға теңдесі жоқ жаңалық алып келеді. Сол сәтте радийдің бағасы шарықтай өсіп, сұраныс артады. Бір қызығы - ғалымдар бұл еңбектерін патенттемейді. Олар ғылыми жаңалықтарын коммерциялық мақсатқа бұру - ғылымға жасалған қиянат деп есептеді. Ғылымның мақсаты адамзатқа қызмет ету деген ұстанымдарына адал ғалымдар ғылымға да, адамзатқа да орасан пайда әкелген бұл еңбектерін табыс көзіне айналдырудан бас тартады. Склодовская-Кюридің төрт шәкірті Нобель сыйлығын иеленсе, олардың бірі қызы Ирэн Кюри болды. Олардың қызы Ирэн Кюри және оның жары Фредрик Кюри да ата-анасының ісін жалғастырған ғалымдар еді. Белгісіз элементтің қыр-сырын ашып, қоғамға пайдамды тигізем деп жүріп, басын қатерге тіккен Нобель сыйлығының лауреаты үздіксіз радиоактивті заттармен жұмыс істеу салдарынан лейкемияға шалдығып, 1934 жылы дүние салады. Бұл кісілер шын мәнінде әлемді алға сүйрейтін білімді, ізгі ниетті жандар емес пе

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ПЕДАГОГТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Ақтөбе қаласы
№51 «Жарқын бала» бөбекжай балабақшасы
тәрбиеші
Құлжабаева Қарлығаш Дәулетқызы

Аннотация: Мақала мектеп мұғалімдерінің жалпы білім беретін мектеп жағдайында мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті түрде білім беруді жүзеге асыруға дайындығы мәселесіне арналған. Мұғалімнің дайындығы инклюзивті процеске қатысушылардың біліктілігін арттыру және психологиялық қолдау бағдарламаларын әзірлеуді талап ететін басты мәселелердің бірі болып табылады. Мақалада мұғалімдердің "ерекше" баланы жалпы білім беру процесіне қосуға кәсіби және психологиялық дайындығының негізгі параметрлері көрсетілген мәліметтер келтірілген. Жаппай мектеп мұғалімінің ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктерін эмоционалды қабылдаумен және білумен байланысты негізгі кәсіби қиындықтары сипатталған.

Түйінді сөздер: инклюзивті білім беру, мұғалімнің дайындығы, психологиялық дайындық, кәсіби дайындық.

Аннотация: статья посвящена проблеме готовности учителей школы к реализации инклюзивного образования детей с ограниченными возможностями здоровья в условиях общеобразовательной школы. Подготовка учителя является одной из главных проблем, требующих разработки программ повышения квалификации и психологической поддержки участников инклюзивного процесса. В статье представлены данные, отражающие основные параметры профессиональной и психологической подготовки педагогов к

включению "особого" ребенка в общеобразовательный процесс. Описаны основные профессиональные трудности учителя массовой школы, связанные с эмоциональным восприятием и познанием особенностей развития детей с особыми образовательными потребностями.

Ключевые слова: инклюзивное образование, педагогическая подготовка, психологическая подготовка, профессиональная подготовка.

Annotation: the article is devoted to the problem of school teachers' readiness to implement inclusive education for children with disabilities in a comprehensive school. Teacher training is one of the main problems that require the development of professional development programs and psychological support for participants in the inclusive process. The article presents data reflecting the main parameters of professional and psychological training of teachers to include a "special" child in the educational process. The main professional difficulties of a mass school teacher related to the emotional perception and cognition of the peculiarities of the development of children with special educational needs are described.

Keywords: inclusive education, pedagogical training, psychological training, professional training.

Қазіргі заманғы мектептерде инклюзивті білім берудің жүзеге асырылуы оның алдына көптеген күрделі сұрақтар мен жаңа міндеттер қояды. Инклюзивті білім беру шет елдерде тәжірибеге бай және заңнамалық шоғырландыруға ие, ал Қазақстандық тәжірибе енді қалыптасып, дами бастады. Инклюзивті (инклюзивті) білім беру – бұл жалпы білім беруді дамыту процесі, ол барлық балалардың әртүрлі білім беру қажеттіліктеріне бейімделу тұрғысынан барлығына білімнің қол жетімділігін білдіреді, бұл ерекше қажеттіліктері бар балаларға білім алуға қол жетімділікті қамтамасыз етеді.[1, б. 3]

Инклюзия мектептің терең әлеуметтік процестерін қамтиды: кез-келген баланың білім беру қажеттіліктеріне бейімделген моральдық, материалдық, педагогикалық орта құрылады. Мұндай ортаны ата-аналармен тығыз ынтымақтастықта, білім беру процесінің барлық қатысушыларының бірлескен командалық өзара әрекеттесуінде ғана жасауға болады. Мұндай ортада баламен және бала үшін өзгеруге дайын адамдар жұмыс істеуі керек.

Бұл принцип мынаны білдіреді:

1) барлық балалар тұрғылықты жері бойынша мектептің білім беру және әлеуметтік өміріне енгізілуі тиіс;

2) инклюзивті мектептің міндеті - әркімнің қажеттілігін қанағаттандыратын жүйе құру;

3) инклюзивтік мектептерде мүгедек балалар ғана емес, барлық балалар табысты болуға, қауіпсіздік пен орындылықты сезінуге мүмкіндік беретін осындай қолдаумен қамтамасыз етіледі.[2]

Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің «ерекше» балалармен жұмыста кездесетін негізгі психологиялық "кедергі" – анық еместік және белгісіздіктен қорқу, инклюзияның зиянынан қорқу, теріс көзқарастар мен теріс пікірлер, мұғалімнің кәсіби даярсыздығы, өзгергісі келмеуі, "ерекше" балалармен жұмыс істеуге психологиялық дайын еместігі. Бұл психологиялық білім беру қоғамдастығына ғана емес, сонымен қатар әдістемелік қызметтерге де, ең бастысы инклюзивті принциптерді жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының басшыларына да маңызды міндеттер қояды. Жалпы білім беру мұғалімдеріне түзету педагогикасы, арнайы және педагогикалық психология саласындағы мамандардың мамандандырылған кешенді көмегі, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуды дараландыру тәсілдерін түсіну және жүзеге асыру қажет, олардың санатына бірінші кезекте мүмкіндігі шектеулі студенттер кіреді. Бірақ бұқаралық мектептің педагогикасын үйрену керек ең маңызды нәрсе – бұл әр түрлі мүмкіндіктері бар балалармен жұмыс істеу және әрқайсысына педагогикалық көзқараста осы әртүрлілікті ескеру.

Жаппай және түзету мектебі мұғалімдерінің бірлескен күш - жігерін қолдану инклюзивті сынып жағдайында арнайы білім беру қажеттіліктері бар балалардың ерекше қажеттіліктерін қанағаттандырудың тиімді әдісі болып табылады. Ынтымақтастық пен ортақ және арнайы педагогтарды бірлесіп оқытудың әртүрлі модельдеріне қажеттілік бар. Бұл түзету мектептері мұғалімдерінің бай тәжірибесі – инклюзияға әдістемелік көмек көзі. Осы практиканы табысты енгізу кедергілер мен шектеулерді балаларымыздың мүмкіндіктері мен табыстарына айналдыруға мүмкіндік береді.

Ерекше баланы эмоционалды қабылдай алайтын, кәсіби "кедергіге" ие мұғалім психологиялық тұрғыдан баланың жетістігіне сенімді емес болса, баланы қабылдамайды. Сенсорлық бұзылулары бар

балалардың жағдайында коммуникативті кедергі, "түсінбеушілік" кедергісі де пайда болады. Ең проблемалық топ – ақыл-ой кемістігі бар балалар. Балалардың осы санатының ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру көбінесе олардың еңбекке баулудың арнайы әдістері бойынша арнайы ұйымдастырылған және жүзеге асырылатын, қоғамдағы әлеуметтік-мәдени бейімделуімен байланысты.[3]

Инклюзивті білім беру қоғамдастығы көбінесе мұғалімнің ролін өзгертеді. Липски мен Гартнер [4] мұғалімдер арнайы және жаппай тәрбиешілер арасында жасанды түрде бөлінбестен, пәнаралық ортада басқа оқытушылармен ынтымақтастық жасау арқылы оқушылардың әлеуетін арттыруға ықпал етеді деп санайды. Мұғалімдер оқушылармен қарым-қатынастың әртүрлі түрлеріне қатысады, сондықтан олар әрқайсысын жеке таниды. Сонымен қатар, мұғалімдер мектептен тыс кең әлеуметтік байланыстарға қатысады, оның ішінде әлеуметтік қолдау ресурстарымен және ата-аналармен. Мұғалімнің мұндай кәсіби ұстанымы оған өзінің алаңдаушылығын жеңуге, кәсіби шеберліктің жаңа деңгейіне жетуге, студенттерін түсінуге және оның кәсібіне мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. На пути к инклюзивной школе. Пособие для учителей. USAID, 2007
2. Романов П. В., Ярская-Смирнова Е. Р. Политика инвалидности: Социальное гражданство инвалидов в современной России. – Саратов: Изд-во «Научная книга», 2006.
3. Щербак А.М., Шеманов А.Ю. Дискуссионные вопросы развития личности ребенка с интеллектуальной недостаточностью // Психологическая наука и образование. 2010. №2. – С. 63-8..
4. Lipsky D. K., Gartner A. Achieving full inclusion: Placing the student at the center of educational reform // W. Stainback and S. Stainback (Eds). Controversial issues confronting special education: Divergent perspectives. Boston: Allyn & Bacon, 1991.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

**Ақтобе облысы, Шалкар ауданы
№42 бастауыш КММ
бастауыш сынып мұғалімі
Салық Рысжан Жұмағұлқызы**

Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу сапасын жақсарту мұғалімдерге жүктелген. Мұның өзі оқытудың тиімді әдістерін іздестіруді, сабақ сапасын жаңа деңгейге көтеруді талап етеді. Қазіргі кезде жалпы білім беретін орта мектептердің алдында үлкен міндеттер тұр. Ол заман талабына сай, рухани дүниеге бай жас жеткіншектерді тәрбиелеп шығару. Бала өмірінде бастауыш сынып мұғалімінің алатын орны зор. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған жас ұланға білім беретін, оның ой – қиялын дамытатын, рухани дүниесін нұрландыратын бастауыш сынып мұғалімі. Кішкентай шәкірттер өзінің «Ана мектебінен» яғни отбасы мектебінен алғанын енді мектепте өзінің ұстазы арқылы әрі қарай дамытады. Сөйтіп, олар мұғалімнің көмегімен оқудың, жазудың ойланудың дағдыларын қалыптастырады.

Бастауыш сыныптарда оқушылар оқу сабақтарында өздерінің білім мен тәрбие алуына қажетті әр түрлі оқу дағдыларын қалыптастырады. Оқу – өте психологиялық процесс. Оқушылардың оқу дағдыларын қалыптастыру жалпы тіл, сөйлеу, жазу сауаттылығы бір – бірімен тікелей байланысты. Оған мысалы оқушы оқиды, түсінеді, түсінгенін айтады жазады. Сауатты түсініп оқи білген бала өз бетімен жұмыс жасай алады. Осы уақытты мұғалім тиімді пайдалану керек оқушыны мадақтай отырып, қызықты қосымша тапсырмалар беру керек. Мен көбіне осыдай балаларға ертегі немесе жануарлар туралы кітаптарды кітапханадан алып сабаққа пайдаланып оқуға беремін.

1. Оқушының оқуға қызығушылығы артады.

- 2.Сөйлеу дағдысы қалыптасады.
- 3.Сауатты жазуға үйренеді.
- 4.Көру, есте сақтау қабілеттері артады.
- 5.Өз ойын ашық айта алады.

Шапшаң оқыған өте жақсы кейбір оқушылар тез оқығанмен мағынасын түсінбейді. Сондықтан оқушы алдымен түсініп оқуы қажет. Түсінбей оқыған оқушының қызығушылығы өте төмен болады. Оқушы жеке тұлға ретінде қарап, оған көп көңіл бөліп отыру керек.Әдебиеттік оқу кітабында тапсырмаларды орындатып отырып, мәнерлеп оқуға, мақал – мәтел жаттап, оны қолданып сөйлеуге шешен билердің тапқыр сөздерін оқып, тәрбиелік мәнін жете түсінуге мұғалімнің шеберлігі қажет.

Сыныпта жаңа тақырыпты өздері оқиды сұрақ-жауап алынады.Сабақты талдап талқылап,жақсы жақтары мен кемшілік жақтары айтылады.

Дұрыс оқу

Оқушы мәтінді дұрыс оқуға дағдыланбайынша, білімді жете меңгере алмайды. Сондықтан тексті оқығанда оқушының әрбір сөзді дұрыс айтуын, дұрыс оқуын мұғалім қадағалап отыруы керек. Ал дұрыс оқу дегеніміздің өзіне келетін болмасақ, ол:

- 1.Оқушының оқып тұрғанда сөз ішінен әріпті, және буынды, не жеке бір сөзді қалдырып кетпей немесе қате оқымауы;
- 2.Кейбір буынды не жеке сөзді қайталамай оқуы.
- 3.Кейбір дыбыстардың, сөздердің орнын ауыстырмай, сөзді бұзбай оқуы.
- 4.Орфоэпиялық талаптар тұрғысынан қате жібермей оқуы;
- 5.Текстегі сөздердің мағынасына қарай лайықты дауыс ырғағын сақтап оқуы,

Егер тақырыпты оқуда бұл талаптар орындалмаса, онда бала тақырыптағы сөзін дұрыс қабылдай алмайды.Оқушылардың оқу дағдыларын қалыптастырған кезде дұрыс оқудың жоғарыда қойылған талаптарын үнемі іске асырыла бермейді, Бұған мына бір жайттар себепші болады:

1.Тақырыпты оқуда баланың оны дұрыс қабылдауына жете көңіл бөлінбей, жалпы ұққанын айтқызуға үйрету:

2.Тақырыпты оқу кезінде мұғалім тарапынан көңіл бөлінбейтіндігі:

3. Баланың жеке тұлға екені оның қаншалықты оқи алатындығы ескерілмей, жөнсіз асықтырып оқытуы:

Оқушы жіберген қатесін түзету баланы дұрыс оқуға дағдыландыру үшін, оның жіберген қатесін елеусіз қалдырмау керек,қателерді түзетудің дұрыс жолын білуі керек. Оқып тұрған оқушының кейде көп буынды сөздерді қайта – қайта оқи беруі жиі кездеседі. Бұл көп жағдайда 1 – сыныпта болып, 2 – сыныпта сирек ұшырасады. Мұның себебі бұл кезде,оқу дағдысын меңгерудің алғашқы сатысында, оқушының қабылдау процесі мен оны ұғуы бірдей болмайды. Бала бір буынды немесе көп буынды әлденеше қайталап оқығаннан кейін ғана мәнін ұға бастайды Мысалы: осылай өлең құрастырды.

Мен ақылды баламын
Айтқан сөзді ұғамын
Әкем мен анама
Көмектесіп тұрамын
Отбасым менің бар
Олар ата- аналар
Асыл тасқа бағалар
Біз бақытты балалар

Сабақ кезінде ролдерге бөліп оқу,диалог, саханалау, мәнерлеп оқу, тыныс белгісіне байланысты ырғақпен оқу әдіс – тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың алға қарай ұмтылуы мен оқуға қызығушылығы арта түседі.Оқушының кітапқа ынтасы бастауыш сыныптан басталып, білімі мен дағдысы жетілген сайын арта түседі. Сыныптан тыс берілген тапсырмалар жүйелі түрде жүзеге асқан жағдайда ғана баланың оқу дағдысы қалыптасып,сол арқылы ой өрісі сана – сезімі арта түседі. Оқушы үнемі ізденіс үстінде білуге құлшынысы мен қызығушылығы аса басым болады.

Қорыта айтқанда, оқу – өте күрделі психологиялық процесс. Бастауыш сынып оқу сабағында оқушының дағдысын қалыптастыру негізінде оқығанды қабылдау түсіну мүмкіндігін арттыру мақсатында көзделеді. Оқу – жазудың бірінші кезеңінде балаларды жай оқыту керек. Бірақ балалар өте жай оқыса, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді өзара байланыстыра алмай ақырында мәтінің мазмұнына түсінбей қалуы мүмкін. Сондықтан балалардың оқу шапқандығын арттыра түсуіміз керек. Есте сақтайтын бір нәрсе оқу шапшаңдығымен сөздерді таза қатесіз, әрі түсініп оқу қатар дамуы керек. Баланың түсінуі арта түссе, ол өзінен өзі шапшаң оқи бастайды. Оқушы берілген тапсырманы асықпай, орындап ұқыпты үйренуге жөн. Оқу процесінде де солай. Асығыс оқыған бала үнемі қате жібереді. Сауатты оқу – дағдысын қалыптастыру үшін оқушыны оқуға ынталандыру керек. Бастауыш сынып оқушыларының оқуға ынталандыратын шығарманың бір түрі – ертегі. Ертегінің мәтіндері өте қолайлы, әрі қайыра оқытуға ыңғайлы. Өйткені ертегішілерде бір – біріне ұқсас қайталанып отыратын тұстары кездеседі. Оқушыны түсініп оқуға төселдіріп оқуға олармен шығарманы оқымас бұрын дайындық әңгіме жүргізу. Балар үшін белгісіз, таныс өмірден жазылға әңгімені оқығанда балалар нақты ешнәрсені көзге елестете алмайды. Сондықтан мұндай жағдайда алдын ала әңгіме жүргізудің орны ерекше деп есептеймін. Сонымен оқушы дұрыс түсініп, әрі мәнерлеп оқыған сайын оқытудың мәні арта түспек. Мәнерлеп оқу бұл оқытудың әсіресе бастауыш сыныптар үшін мәні зор. Мәнерлеп оқыған оқушы оқуды жете меңгергендігін көрсетеді. Оқытудың шыңы оқушылардың мәнерлеп түсініп, сауатты оқуға үйрету деп білемін.

БІЛІМ БЕРУ МЕН БІЛІМ АЛУДАҒЫ ЖАҢА ӘДІСТЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ

**Жамбыл облысы, Шу ауданы
Әл-Фараби атындағы орта мектептің
қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі
Тастанбекова Бекгүл Тұрғынбайқызы**

Егеменді еліміздің ертеңгі тізгінін ұстар иесі — бүгінгі жас ұрпақ. Егеменді еліміздің еңсесі енді көтеріліп, тәуелсіз ел атанып, төбемізге ту тігіп, тіліміздің мәртебесі артып, әлемге атымызды танытып жатқан кезеңде ұлттың, елдің болашағы – жас ұрпақ тәрбиесіне де мықты көңіл бөлінуі қажет.

Осы егеменді, тәуелсіз Қазақстанда өркениетке бастар жолдың бастауы – мектеп десек, мектептің басты тұлғасы, жүрегі – мұғалім.

Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – ұстаз болғандықтан, ал сол ұстаз заман талабына сай болуы үшін — әрқашан ізденуді, білімдерін жетілдіруді, жан-жақты, білікті болуды талап етеді.

Жаңа технологияларды күнделікті сабақ үстінде пайдалану үшін, әр бір мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтың мақсат - мүдесіне байланысты, өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады. Жаңа әдістерді жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалау ерекше орын алады.

Әдіс дегеніміз - білім берудің теориясы.

Тәсіл дегеніміз - іс, меншікті іс. Тәсілдердің элементтері амал жолдары. Оқыту әдісі дегеніміз - мұғалімнің білімді меңгерту жолындағы тәсіл. Әдіс оқушының өз ынтасын ішкі қозғаушы күшін жұмысқа бағыттауды ұсынады. Әдіс тек әрекеттің негізгі мақсаты болуы шарт. Әр түрлі құралдарды қолдану әдіске бағынышты. Құралдардың әр түрлі болуы әдістің құрылымын өзгертуге ықпал етеді. Әдістер арқылы білім мазмұнын меңгереміз. Мұғалім оқушыларды оқытуда түпкі нәтижеге жеткізер деген әдіс - тәсілдерді таңдап алып қарастырғалы отырмын.

1. Бағдарламалап оқыту технологиясы.
2. Ойын арқылы оқыту технологиясы.
3. Дамыта оқыту технологиясы.
4. Түсіндіре оза оқыту технологиясы.
5. Модульдік оқыту технологиясы.
6. Өздігінен даму технологиясы.
7. Саралап (деңгейлеп) оқыту технологиясы.

Баланы оқыта отырып жалпы дамыту. Даму нәтижесінде әр оқушы өзін - өзі үйренуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделеді. Оқыту дамытудың алдында жүруі керек, дидактикалық құралдың дамуға әсері зор. Дамытудың тиімділігі үшін, кешенді даму жүйесі негізінде мақсатты даму, мазмұнның жүйелілігі мен тұтастығы, теориялық білімнің жетекші ролі, жоғары қиындық деңгейінде оқыту, материалды меңгеруде жедел ілгерілеу, оқу үдерісін баланың сезіну, оқыту үрдісінің әртүрлілігі, жекелеп оқыту, барлық баланың дамуы жолындағы жұмыстары болуы керек

Саралап (деңгейлеп) оқыту технологиясының психологиялық негізі болып табылатын теория – Л. С. Выготскийдің “оқыту процесінде білім алушының ақыл - ойының дамуы “актуалды даму” аймағынан “жақын арадағы даму” аймағына ауысу” теориясы. Бұл ауысу тапсырмаларды қайталап орындауға арналған 1 - деңгейден өнімді іс - әрекетті қажет ететін жоғары деңгейлерге ауысу негізіндегі іс - әрекет арқылы жүзеге асады. Осындай іс - әрекет деңгейлері арқылы білім алушылар оқу материалдарын әр түрлі деңгейде қабылдайды. В. П. Беспалько бұл деңгейлерді төртке бөледі:

-бірінші деңгей -“міндетті, білім алушылық”,

-екінші – алгоритмдік,

-үшінші – эвристикалық және

-төртінші – шығармашылық деңгейлердегі қабылдау

1 – деңгей

Бұл деңгей әрбір тақырыптың ең негізгі де, басты қарапайым мазмұнын ашып, сол тақырыптың білуге міндетті тұтас бейнесін береді. 1 – деңгей базалық деңгей ретінде қабылданған. Бұл міндетті деңгей болғандықтан барлық білім алушы тапсырманы толық орындауы тиіс.

2 – деңгей

Қосымша мәліметтер алғашқы деңгейде алған білімді одан әрі кеңейтіп, тиянақтайды, негізгі мазмұнын нақтылайды, ұғымдардың не үшін, қалай қолданылатынын көрсетеді. Бұл деңгейде өтіп кеткен материалды білім алушы талдап, бұрынғы тапсырмаларға ұқсас орындайды. Бірақ бұларды орындау үшін алған білімдерін түрлендіріп пайдалану керек.

3 – деңгей

Өз бетінше жұмысты қалыптастыру мақсатында білім алушылар жаңа тақырып бойынша меңгерген қарапайым білімдерін жетілдіріп тереңдетеді. Жаңа білімді талдау, жинақтау, салыстыру арқылы меңгеруіне, қорытындылай білуіне жол ашылады. Бұл деңгейде ребус, сөзжұмбақ, анаграмма құрастырады.

4 – деңгей

Бұл деңгейде берілген тақырып бойынша өз бетімен жұмыс істеуге дағдыланады. Реферат, баяндама, өлең, жұмбақ, жаңылтпаш құрастыру тапсырмалары беріледі. Деңгейлеп оқыту, біріншіден, білім алушының жеке қабілетін анықтауға, екіншіден, білім алушылардың бір – бірінен қалмауына мүмкіндік берсе, үшіншіден, әр білім алушы өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады, төртіншіден, әр білім алушы өз деңгейімен бағаланады.

Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не?

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы бойынша ол:

-шыңдалған ойлау, кез келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сын көзбен қарау;

-күрделі мәселелерді шешуге, аса маңызды, жауапты шешімге қабылдауға құштарлық;

- үйрету мен үйрену бірлігінен, үйренудің қызығушылығынан тұратын, үйренушінің сеніміне негізделген құрылым.

«Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» бағдарламасының әдістерін қолдану төмендегідей нәтиже береді:

- білім алушының белсенділігін арттыру;
- пәнге қызығушылығын ояту;
- өзіндік көзқарасын білдіруге мүмкіндік беру;
- зерттеуге икемділігін дамыту;
- сөйлесім әрекеті белсенділігін арттыру;
- білім алушылар бір-бірімен қарым-қатынас жасай біледі;
- басқаларды тыңдауды, кез келген жауапқа сыйластық, түсіністікпен қарауға үйретеді.

Жалпы, сыни тұрғыдан ойлайтын оқушылар белсенді болады, олар сұрақтар қойып дәлелдерді талдайды.

Қорыта айтқанда, ақпараттық-коммуникативтік технология-оқу материалын терең түсінуге, оқу мотивациясының артуына, алған білімнің ұзақ уақыт есте сақталуына, білім беруге жұмсалатын уақыттың азаюына ықпал етеді. Сондай-ақ, ақпараттық – коммуникативтік технологияларды оқу үрдісінде қолданудың нәтижесінде оқушылар жинақталған тәжірибиесін сыртқа шығарып, оны өмірінде пайдалана алады. Жалпы заман талабына сай білім беру қашан да өзектілі мәселе.

ИЗУЧЕНИЕ СЛОЖНЫХ ТЕМ ПО ПРЕДМЕТАМ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

**Жамбылская область, Шуский район
средняя школа имени Аль-Фараби
учитель начальных классов
Джафарова Зарина Мамедовна**

Ключевые слова: синтаксис, сложное предложение. Изучение сложного предложения как отдельная научная тема начала рассматриваться в XIX веке и продолжается до сих пор, причем особое внимание уделяется методике преподавания синтаксиса сложного предложения.

Синтаксис занимает центральное место в грамматической системе языка. Это определяется тем, что сфере синтаксиса специально принадлежат те языковые единицы, которые непосредственно служат для общения людей и непосредственно соотносят сообщаемое с реальной действительностью, включая сюда как внешнюю, так и внутреннюю, интеллектуальную и эмоциональную сферу жизни.

Среди вопросов методики преподавания русского языка, требующих дальнейшей теоретической и практической разработки, важное место занимает вопрос о работе над сложным предложением в начальных классах.

Современная программа начальной школы основной целью обучения русскому языку как родному ставит развитие речи и мышления младших школьников, осознание элементов грамматического строя русского языка, воспитание любви к родному языку и привитие интереса к его познанию. В осуществлении поставленной цели важная роль принадлежит синтаксису, так как изучение синтаксиса в начальном звене школы, знание правил сочетаемости слов, построения предложений способствует развитию и совершенствованию синтаксического строя речи учащихся, развитию речевых умений и навыков.

Многоаспектность предложения требует работы над ним в начальных классах в различных направлениях. Но в имеющихся на сегодняшний день учебниках для начальных классов синтаксическая система русского языка представлена крайне бедно, лишь в той мере, в какой это необходимо для выделения членов предложения и для анализа предложения по цели высказывания и по интонации.

Учащиеся начальных классов выражают свою мысль не только в простом предложении, но зачастую и в предложении сложном. Поэтому необходимо уже в начальной школе ввести понятие «сложное предложение».

В каждом конкретном случае требуется своя система дидактического обеспечения, т.е. своя система средств обучения. Поэтому изучение использования наглядности как средства повышения грамотности младших школьников при изучении простых сложных предложений является актуальным. предложение учитель школа синтаксис

Цель данного исследования - изучить эффективные виды наглядности при изучении сложного предложения в начальной школе.

Объект - процесс изучения сложного предложения в начальной школе.

Предмет - виды наглядности при изучении сложного предложения в начальной школе.

В ходе исследования решались следующие задачи:

Изучить лингвистические основы изучения сложного предложения в начальной школе.

Проанализировать принципы, признаки и функции наглядности.

Определить методические положения, связанные с методикой изучения сложных предложений в начальных классах.

Изучить опыт учителей по использованию наглядности при изучении сложного предложения в начальной школе.

Предложить локально-методическую систему, направленную на совершенствование методики изучения сложного предложения с использованием наглядности в начальной школе.

Великие педагоги объявляли наглядность высшим принципом обучения, фундаментом для осуществления всестороннего развития ребёнка. Никто так глубоко и всесторонне не разрабатывал проблемы наглядного обучения, как это сделал К.Д.Ушинский, который рассматривал наглядность в тесном единстве с развитием речи детей. К.Д.Ушинский придавал большое значение наглядному обучению как методу, который должен чаще использоваться на уроках в первоначальный период, так как:

во-первых, стимулирует элементарные умственные процессы;

во-вторых, развивает устную речь;

в-третьих, способствует лучшему закреплению изучаемого материала в памяти учащихся;

в-четвёртых, даёт возможность учителю глубже изучить своих учеников [10].

В процессе учения и познания окружающей действительности принимают участие все органы чувств. Поэтому принцип наглядности определяет необходимость формирования у учеников понятий и представлений на основе чувственных восприятий явлений и предметов. Однако органы чувств или «каналы связи» человека с миром имеют различную пропускную способность. Так, за одну единицу времени орган слуха способен пропустить 1 тысячу условных единиц информации, орган осязания - 10 тысяч, а орган зрения - 100 тысяч. Получается, что человек получает примерно 80% информации об окружающем мире с помощью зрения.

В имеющихся на сегодняшний день учебниках для начальных классов синтаксическая система русского языка представлена крайне скупо, лишь в той мере, в какой это необходимо для выделения членов предложения, а также для анализа предложения по цели высказывания и по интонации.

Школьный курс русского синтаксиса основан на теории членов предложения в том виде, в каком она существовала в первых русских грамматиках, а принципы этой теории были сформулированы еще античными грамматиками.

Традиционно курс грамматики начинается с синтаксической темы «Предложение». В современных коммуникативно-направленных курсах некоторые авторы вводят такую модель: общение - речь - текст - предложение - слово - слог - звук (на письме - буква). Такой подход логичен, он функционален и сразу раскрывает перед учащимися систему языка и его прагматики (использования).

Но знакомством с предложениями дело ограничивается: последующие синтаксические темы вводятся разрозненно, на протяжении нескольких лет. К сожалению, за последние 40 лет объем синтаксического материала в начальных классах значительно сокращен: ушли многие темы, в том числе «Сложное предложение». В настоящее время многое восстановлено, если не в минимуме, то в программах углубленного изучения языка.

Основные темы синтаксического курса по традиционной программе:

- предложение, его словесный состав и его моделирование;
- обозначения начала и конца предложения, интонации;
- простейшие типы предложений;
- главные члены предложения;
- второстепенные члены;
- выделение предложения из текста;
- составление предложений и их запись;
- смысл предложения, выявление связей между словами в предложении - членами предложения и т.п.

Синтаксические знания и умения способствуют пониманию текста при его чтении и развитию собственной речи - устной и, особенно, письменной.

Непрерывность синтаксической работы учащихся обеспечивается в двух вариантах: аналитическом (выделение предложений из текста, их анализ) и синтетическом (составление словосочетаний и предложений, их интонирование, запись, включение в текст).

Еще раз отметим, что по традиционной системе обучения, тема «Сложное предложение» не предусматривается, однако, осознавая важность данного материала, часто учителя вводят этот вопрос в изучение самостоятельно.

ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ЖАСТАР ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОРНЫ



**Алматы қаласы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының докторанты
Бижанова Кенже**

Ұрпақ тәрбиесі - кез келген өркениетті қоғамда аса ерекше назарға алынар, биік бағаланар басты мәселе. Мемлекеттің іргетасының мықты болуы, халық келешегінің кемелдігі мен қоғамның ішкі тұтастығы, ел-жұрттың заман ағысына төтеп беру төзімдігі ертеңгі күнді еншілер жас буынға тікелей тәуелді. Сондықтан қай халық болмасын түтінінің түзу шығуына, көргенді, ар-намыс пен адамгершілікті ұстанған ұл-қыз өсіруге баса мән берген. Жалпы қазақ халқы «Адам ұрпағымен мың жасайды» ұстанымын берік ұстанғандықтан, ертеңі үшін аянбаған. Дархан халқымыз ғасырдан ғасырға ұласқан ұлағаты мен даналық тұнығынан туындаған сөз асылын, толассыз еңбекпен келген өмір тәжірибесін ұтымды қолдана отырып, жастарының жарқын жүзді, текті әрі тәрбиелі болуы үшін барын салған.

Әр халықтың өз салт-дәстүрі, ұлттық мінез бен ұлттық дүниетанымды қалыптастырар тағылымды тәжірибесі, бай ауыз әдебиеті, ұлттық рухтың уызына қанған әдеби мұрасы бар. Осы құндылықтарды ұрпақ тәрбиесінде қолдану тәсілдерін, олардың құндылығы мен маңызын этнопедагогика ғылымы зерттеп, зерделейді.

Қазақ этнопедагогикасы ХХ ғасырда ғылым ретінде қалыптасқанымен, тамыры тереңде жатқан ғасырлық мол мұраның нәтижесі. Этнопедагогика – этникалық ерекшелікке ие халықтық тәлім-тәрбиенің тәжірибесін, сол секілді жеке тұлғаның әлеуметтік, тарихи-мәдени қалыптасуына ықпал ететін философиялық, этикалық, педагогикалық ой-пікірлер мен көзқарастар жүйесін, яки халық даналығын, тәрбие тәжірибесінде қалыптасқан халықтың педагогикалық қағидалары мен ереже құралдары, әдіс-тәсілдері мен амал-жолдарын жинақтап, ғылыми талдап, жүйелеп түсіндіретін педагогикалық ғылым саласы. Педагогика ғылымының негізгі қарастыратын мәселесі - адам тәрбиесі. Кез келген ғылым саласы

дамып, өзінің теориялық ауқымын кеңейтіп, жаңа мазмұнмен толығып, зерттеу бағыттары мен салаларының күрделенуіне байланысты іштей ғылыми жіктелу процесі жүреді. Осының салдарынан өзге жеке ғылыми салалармен қатар (мысалы, жоғары мектеп педагогикасы, кәсіптік бағдар беру педагогикасы т.б.) оның этникалық педагогика деп аталатын білім саласын белгілейтін тармағы дүниеге келді.

Сонымен этнопедагогика дегеніміз белгілі бір халықтың тәрбие дәстүрін жинақтап, ғылыми жағынан жүйелеп, зерттейтін педагогика ғылымының бір саласы болып отыр. Этнопедагогика пәнінің басты бағыттары ұлттық мәдени сананың тәрбиелік мұрасын жас ұрпаққа жеткізу, тәрбиелеу, болашақ ұрпағымызды адамгершілікке, отансүйгіштік пен ел-жеріне, тіліне, санасына құрметпен қарауға баулу болып саналады. Қазақтың іргелі, қазыналы ауыз әдебиеті, игі әдеп-ғұрпы, әдебі, дәстүрі мен салты этнопедагогиканың тұрақты құралы. Ғасырлар бойы қалыптасқан, халықтың әлеуметтік, қоғамдық өмірі толық көрініс беретін көп жанрлы ауыз әдебиеті өзінің мол мұрасының арқасында ұрпақ тәрбиесінің таптырмас құралы бола алады. Мақал-мәтел, аңыз-әңгіме, өлең-жыр, дастан, ертегі мен хикаят, айтыс пен шешендік сөздер, жаңылтпаш пен жұмбақ бала дамуының түрлі спектрін қамти отырып, толыққанды, жан-жақты тұлға қалыптастыру тетігіне айналған. Баланың тілі мен ойын, қиялы мен есте сақтау қабілетін, зердесін дамыта отырып, халқымыз ұлттық болмысқа тән ұлттық кодтың негізгі элементтерін, әуезі мен үнін ұрпағының жадысына жазып, отансүйгіш, адамгершілігі мен иманы кәміл тұлғаны қалыптастыруға тырысқан. Сондықтан тиімділігін ғасыр дәлелдеген бұл тәрбие құралдарын заманауи өңдеуге түсіре отырып, мәйегін бұзбастан тиімді қолдана алсақ, еңбек нәтижелі болары сөзсіз.

Халық педагогикасы – этнопедагогика ғылымының зерттеу пәні, ғылым шикізаты. Халықтың ұрпақ тәрбиесінде қолданған өмірлік тәжірибесі мен тұжырымдарының жиынтығы. Өз ұлтымыздың бай тәлім-тәрбие мұрасын болашақ ұрпақ тәрбиесінде пайдалану, халық педагогикасы мен ұлттық намыс мәйегіне қаныққан ақын-жазушыларымыздың шығармашылығын түсіндіру, жастар санасына жеткерудің маңызы зор.

Қорыта келе, этнопедагогика халықтық тәлім - тәрбие жүйесін талдап, түсіндіретін, тұлға қалыптастырудағы педагогикалық тәжірибеде тиімді пайдалану бағыттарын іздестіретін анықтап, көрсететін ғылым.









ВИДЕОНЫ ӨНДЕУ





**Шымкент қаласы
№129 жалпы орта білім беретін мектебі
информатика пәнінің мұғалімі
Хожабаев Жанкелди Торегалиевич**

Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	4.2.4.1 бейнеклиптерді жасау;
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Белгілі бір тақырыпқа бейнені жазу және өңдеуді үйренеді VideoPad редакторды іске қосады Көптеген оқушылар: виодеоны өңдейді Кейбір оқушылар: өңделген видео мен өңделмеген видеоны талдап, салыстырады.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<p>Сабақтың басы 3 мин.</p>  <p>5 мин.</p>  <p>1 мин</p> 	<p><i>Ұйымдастыру кезеңі.</i> <i>Сәлемдесу. Түгелдеу</i> Оқушылармен амандасу. «Ыстық алақан» әдісі арқылы оқушылар бір-бірінің оң алақандарын бірінің үстіне бірін қойып, жылы лебіздерін білдіреді. Үй тапсырмасын пысықтау «Конверттегі сұрақ» әдісі арқылы өткен тақырыпмен ой қозғау жауаптарын жеке талқылау. → не себепті видеожазбалар жасаймыз? → неліктен компьютерге VidioPad орнату қажет? → Өңделген видеожазбамен өңделмеген видеожазбалардың айырмашылығы неде? Топқа біріктіру: Оқушылар Конверттің ішіндегі кеспе қағаздардың түсі арқылы 2-топқа бірігеді. 1-топ «Видео» 2-топ «Аудио»</p>	<p>Мұғаліммен амандасады. Мұғалімге сәттілік тілейді</p> <p>Дескриптор: Сұрақтарға жауап береді</p> <p>2-топқа бірігеді</p>	<p>«Мадақтау сөз» әдісі арқылы бағаланады: «Жарайсың! Жақсы! Өте жақсы! Талпын!»</p>	<p>Ыстық алақан</p>   <p>Кеспе қағаздары</p> <p>Слайд</p> 
<p>Сабақтың ортасы</p>  <p>7 мин.</p>	<p>«Шатасқан әріптер» еоны Вид деунө арқылы жаңа тақырыпты ашу. Жаңа тақырыпты түсіндіру. «Кинометафора» әдісі арқылы «VideoPad программасында бейнені өңдеу» тақырыбына байланысты бейнеролик көрсетемін.</p> 	<p>Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады. Сабақтың мақсатымен танысады.</p>		<p>https://www.youtube.com/watch?v=duoGpJ7TnHU</p>

	<p>Жетелеуші сұрақтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Неліктен видеоларды өңдейміз? 2. Неліктен видеоларға аудио әсерлер кірістіреміз? 3. Не себепті видеожазбаны .MP4, .AVI форматында сақтау қажет? <p>«Түртіп алу» әдісі: сөздікпен жұмыс:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ бейнежазу–запись видео - videorecording; ✓ файлдықосу-добавить файл-addfile <p>Мақсаты: Жаңа сабақта кездесетін сөздіктермен танысады. Бұл үш тілділік білім беру жүйесіне өз септігін тигізеді. Тиімділігі: Балалар үш тілділікке дағдыланады.</p> <p>Компьютермен жұмыс Деңгейлік тапсырмалар А-деңгей (жеке жұмыс) 1-тапсырма. Компьютерде орындайық. «Қыс қызығы» тақырыбына видео құрып, оған дауыс жазыңдар. В-деңгей (жұптық жұмыс) 2-тапсырма: Видеоға бес жолды өлең (синквейн) құрастырып, өз дауысыңмен дыбыс жазыңдар. Сергіту сәті «Шыбын ұрғыш» әдісі</p>		<p>«Мадақтау сөз» әдісі арқылы бағаланады: «Жарайсың! Жаксы! Өте жаксы! Талпын!»</p>	<p>Үлестіріме материал 1</p>
<p>6 мин</p>	<p>1-тапсырма. Компьютерде орындайық. «Қыс қызығы» тақырыбына видео құрып, оған дауыс жазыңдар. В-деңгей (жұптық жұмыс) 2-тапсырма: Видеоға бес жолды өлең (синквейн) құрастырып, өз дауысыңмен дыбыс жазыңдар. Сергіту сәті «Шыбын ұрғыш» әдісі</p>	<p>Дескриптор: Оқушылар «Қыс қызығы» тақырыбына видео құрады, оған дауыс жазады.</p>	<p>«Бас бармақ» әдісі арқылы жүргізіледі</p>	<p>Үлестіріме 1</p>
<p>7 мин</p>	 <p>С-деңгей(топтық жұмыс) 3-тапсырма. «Постер қорғау» әдісі арқылы плакатқа видео әсерлерін және аудио әсерлеріне сипаттама береді.</p>	<p>Дескриптор: Оқушылар Видеоға бес жолды өлең (синквейн) құрастырады, өз дауысыңмен дыбыс жазады.</p>	<p>«Өзара бағалау» әдісі арқылы жүргізіледі.</p>	<p>Үлестіріме 2</p>
<p>1 мин</p>	<p>1-конверт: 1. Өңделген видеожазбамен өңделмеген видеожазбалардың айырмашылығы мен ұқсастығын салыстырыңыздар».</p>			
<p>8 мин</p>	<p>2-конверт: 1. Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына орай видеоға бес жолды өлең шумағын құрастырып, өз дауысыңмен дыбыс жазыңдар.</p>	<p>Дескриптор: Оқушылар өз қалауы бойынша</p>		

	3-конверт: 3. «Компьютерлік бейне жазбаларды жасау техникасының болашағын 20 жылдан кейін мен қалай елестетемін».	конверттерді таңдау арқылы постер дайындап, қорғайды.	«Екі жұлдыз, бір тілек»	Үлестірме 3
Сабақтың соңы 4 мин.	Сабақты «Қарлы кесек» әдісі арқылы сабақты қорытындылау қорытындылау мақсатында	Бүгінгі сабаққа кері байланыс береді.	«Өзара бағалау» әдісі арқылы жүргізіледі.	Түрлі-түсті стикерлер
2 мин	Кері байланыс: « Бір ауыз сөз » әдісі Бүгінгі өткен сабақты бағалайды Қажетті сөздер: Ұнады, қажет, пайдалы, білдім, үйрендім, қызықтым, есте сақтадым			
Үй тапсырмасы 1 мин	§18 оқу оқулықтан 81-беттегі үйде орындайық тапсырмасын орындау.			

ЗДОРОВОЕ ПОКОЛЕНИЕ - ЗДОРОВАЯ НАЦИЯ



Северо- Казахстанская область, Мамлютский район, город Мамлютка
Мамлютская санаторная средняя школа-интернат
воспитатель
Погудина Елена Викторовна



Северо- Казахстанская область, Мамлютский район, город Мамлютка
Мамлютская санаторная средняя школа-интернат
воспитатель
Бекчентаева Алма Валитовна

Цель: раскрыть роль здоровья для полноценного существования в социуме

Задачи:

- рассмотреть здоровье как основную ценность человеческой жизни и человеческого общества;
- сформулировать понятие “Здоровье человека”;
- раскрыть позитивные и негативные факторы, влияющие на здоровье человека.

Оборудование: интерактивная доска, презентация, листы А4, маркеры

Контингент: разновозрастной отряд

I. Круг радости «Я желаю тебе...»

II. Беседа «Вопрос-ответ»

Вспомните, какие пожелания обязательно присутствуют родным и близким, товарищам в поздравительных открытках?

Почему пожелание здоровья в той или иной формулировке присутствует в каждом поздравлении?

Зачем здоровье необходимо?

Здоровье помогает выполнить нам наши планы, успешно решать основные жизненные задачи, преодолевать трудности. Доброе здоровье, разумно сохраняемое и укрепляемое самим человеком, обеспечивает ему долгую и активную жизнь в обществе.

Дайте собственное определение понятия “Здоровье”

Наиболее распространенные варианты ответов:

Здоровье – это отсутствие болезни.

Болезнь – это нарушение здоровья.

Что такое здоровье?

Много раз на этот вопрос отвечали представители разных наук, разных стран, времен и народов.

Всемирной Организацией Здравоохранения дано такое определение: **Здоровье** – это состояние полного физического, духовного и социального благополучия, а не только отсутствие болезней и физических дефектов.

Вывод: Здоровье – бесценное достояние не только каждого человека, но и всего общества. При встречах, расставаниях с близкими, дорогими людьми, поздравлениях с торжественными датами мы желаем им доброго и крепкого здоровья, т.к. это залог полноценной и счастливой жизни.

III. К пословицам в гости.

А сейчас обратимся к пословицам. В них сосредоточена народная мудрость, раскроем их смысл:

Пословицы:

- Держи голову в холоде, живот в голоде, а ноги в тепле.
- Паршивому поросенку и в петровки холодно.
- Праздная молодость – беспутная старость.
- Голова седая, да душа молодая.

IV. Работа с таблицей «Типы здоровья» (работа на интерактивной доске)

Распределите признаки физического, психического и нравственного здоровья

Признаки физического здоровья	Признаки психического здоровья	Признаки нравственного здоровья.
1. Чистая гладкая кожа. 2. Здоровые зубы. 3. Блестящие чистые ногти. 4. Блестящие, крепкие волосы. 5. Подвижные суставы. 6. Упругие мышцы. 7. Хороший аппетит. 8. Здоровое сердце. 9. Ощущение бодрости в течение дня. 10. Работоспособность.	1. Уверенность в себе. 2. Эмоциональная стабильность 3. Легкая переносимость климатических изменений 4. Легкая адаптация к новому сезону. 5. Уверенность в преодолении трудностей. 6. Оптимистичность 7. Отсутствие страхов. 8. Умение нравиться окружающим.	1. Умение делать выбор между добром и злом. 2. Доброта и отзывчивость 3. Справедливость и честность. 4. Цель в жизни – образование и саморазвитие. 5. Умение отвечать за совершенные поступки. 6. Гуманные отношения с людьми 7. Стремление помочь людям. 8. Патриотизм.

V. Ролевая игра “Специалист”.

Ребята, сейчас вы будете по очереди выступать в роли пропагандистов здорового образа жизни. Каждый из вас специализируется на одном направлении. Один – специалист по антитабачной пропаганде, другой – антиалкогольной, третий – антинаркотической. Теперь каждый специалист напишет тезисы своей беседы с

- Курильщиком,
- Употребляющим алкоголь,
- Употребляющим наркотические вещества.

Вам нужно убедить фактами и личным примером, что курение, например, вредно.

Затем вы меняетесь ролями.

VI. Рефлексия

Стратегия «Лесенка здоровья»

ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДАҒЫ ТИІМДІЛІКТЕРІ

**Ақтөбе қаласы
"№46 орта мектебі" КММ
физика және информатика пәні мұғалімі
Шерипова Гульмира Жоламановна**

Информатика дәуірі басталды. Оның қазіргі мезгілдегі даму кезеңін телекоммуникациялық деп сипаттауға болады. Бұл ақпарат пен білімнің қатынас аймағы. Қашықтықтан оқыту формасы бүгінде, көпшіліктің өз бетінше үздіксіз жалпы білім алу жүйесін, өзара ақпарат алмасуын қалыптастырады және жүзеге асырады. Қашықтықтан оқыту жүйесі әлеуметтік жағдайына қарамастан және еліміздің кез-келген ауданында тұрса да адамның білім және ақпарат алу құқығын қамтамасыз етеді.

Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Білім беру саласында инновациялық үрдісті жүзеге асыру мұғалімдерден өз мінез-құлықтарын, ұстанымдарын, мүмкіндіктерін түрлендіруді талап етеді. Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелердің бірі – оқытуды қашықтықтан ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде қашықтықтан ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану.

Информатика сабағында қашықтықтан оқытуда ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Оқушылардың ақпараттық құзырлығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр.

Қашықтықтан оқытуда ақпараттық - коммуникациялы технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- оқушының өз бетімен жұмысы;
- аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;
- білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
- шығармашылық есептер шығару кезінде ақпараттық процестерді түсіндіру арқылы жүзеге асыру;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- экономикалық тиімділігі;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;
- оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Оқытушы сабағында қашықтықтан оқытуда ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оның тиімділігін жүйелі түрде көрсете біледі. Оқытушы үшін электрондық оқулық – бұл күнбе-күн дамытылып отыратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе, оны әрбір оқытушы өз педагогикалық тәжірибесіндегі материалдармен толықтыра отырып, әрі қарай жетілдіре алады. Электрондық оқулық арқылы үй тапсырмасын, жаңа сабақты түсіндіруге және тест тапсырмаларын орындауға болады.

Қазіргі таңда мен өз тәжірибемде оқушыларға информатика сабағында электрондық оқулықты пайдаланып келемін. Онда әр тарауда тақырыптың мазмұны, тапсырмалар, тараудағы оқу материалдары бойынша берілген анимациялық тәжірибелер оқушыларға информатика сабағына көрнекілік түрінде көрсете отырып түсіндіруге ыңғайлы.

Сонымен қатар тақырыпты қорытындылау үшін тест сұрақтары берілген. Бұл тест сұрақтарының нәтижесі әр оқушыға жауап беру деңгейіне қарай пайыздық көрсеткішпен бағаланып беріледі. Бұл әдіс оқушының білімін көтеруге, сабаққа ынтасын қалыптастыруға оң әсер ететіндігі сөзсіз.

Электрондық оқулықтар мен компьютерлік оқу-әдістемелік құралдарды өз дәрежесінде қолдануды үйренген оқушылар өзі белсенді жеке жұмыс істей алады. Оқытушының жұмысын жеңілдетіп, оқушыны жалқаулықтан құтқарады. Электрондық оқулық пән оқытушылары үшін бұл күнделікті дамытылып отыратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе, оны сабақта қолдану оқытушының шығармашылықпен жұмыс жасауына, белсенділігін арттыруына мол мүмкіндік береді.

Оқу процесінде оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларын тиімді пайдалану және қолдану айтарлықтай оң тәжірибе беріп отыр. Атап айтсақ, оқушылардың өз бетімен ізденісі, пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылығын дамытуға, оқу қызметінің мәдениетін қалыптастыруға, дербес жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше қолайлы жағдай туғызып отыр.

XXI ғасыр жастарына білім беру мен тәрбиелеу бағытынд сан алуан жұмыстар жүргізілуде. Ал мұғалімнің негізгі ұстанған мақсаты- білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу материалын қаншалықты деңгейде меңгергенін бақылаудың сан түрлі жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабақта тиімді пайдалана білу.

Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген мұғалім өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Ақпараттық құзіреттілікті қалыптастырудан күтілетін нәтиже жаңа заманға сай ақпараттық мәдениеті мен құзіреттілігі қалыптасқан, теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана алатын, информатика пәнін басқа пәндермен байланыстыра алатын жеке тұлға қалыптастыру. Қазіргі технологиялар дамыған заманда оқушылардың компьютерді қолдануы және бағдарламалармен жұмыс істеу мүмкіншілігі жоғары. Сонымен қатар телекоммуникациялар жүйесі қарқынды дамып, интернет жүйесі әр тұтынушыға ұсынылып, әр оқушы интернет жүйесіне кіруіне мүмкіншілік туып отыр. Осындай мүмкіншілікті пайдаланып, ЖАТ қолданып, қашықтықтан оқыту технологиясын пайдалану.[9.55бет] Мақсаты: Информатика пәнін қашықтықтан оқыту арқылы оқушыларды өз бетімен қашықтықтан білім алуға және алған білімдерін тексеруге, оны практикада қолдана алуына дағдыландыру.

Қашықтықтан оқытудың міндеттері:

- қашықтықтан оқыту технологиясының ерекшелігі мен мәнін анықтау;
- локальді желі мен интернет жүйесінің мүмкіншіліктерін пайдалану;
- қашықтықтан оқыту технологиясын деңгейлеп, саралап оқыту технологиясымен байланыстыру;
- пән аралық байланыстарды арттыру;
- қашықтықтан оқыту технологиясы негізінде жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстардың түрлерін анықтау;
- қашықтықтан оқыту технологиясы түрлерін жүзеге асырудың ұтымды әдістерін ұсыну;
- қашықтықтан меңгерудің сапалылығы мен тиімділігін педагогикалық тәжірибе жүзінде дәйектеу;

Қашықтықтан оқытудың артықшылықтары:

- кез келген жерде, кез келген мерзімде оқуға мүмкіндігі бар;
- оқу үрдісінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың жаңа жетістіктерін пайдалана отырып, оқушылар мен мұғалімдер арасындағы белсенді диалог, оқу ақпаратына мүмкіндік беру;

-білім алушының мекен жайына, денсаулық жағдайына, элитарлық және материалдық жағдайына қарамастан тепе-тең дәрежеде білім алуға мүмкіндігі бар.

Қашықтықтан оқыту – мұғалімнің оқушымен оқыту құралдары арқылы интерактивті қарым-қатынас әрекет үрдісін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін жаңа ақпараттық-педагогикалық технология. Қашықтықтан оқыту технологиясы екі технологияға бөлініп оқытылады.

Желілік технология – дәріс алушы оқушылардың мұғаліммен және бір-бірімен интерактивті қарым-қатынас түрінде локальді желіні қолдану негізінде оқу үрдісін басқаруда оқу-әдістемелік материалдармен қамтасыз ету технологиясы.

Кейс технологиясы – интернет ғалам торындағы «информатика пәнін оқыту әдістемесі» атты сайт арқылы, электронды, өзге де жеткізу түрінде және оларды өздік оқитын білім алушылар үшін жіберілетін мультимедиялық оқу-әдістемелік материалдар жиынтығы негізінде жинақталған технология. Меніңше, оқыту жүйесінде сабақтарда ақпараттық және коммуникативтік технологияларды қолдану төмендегідей нәтиже береді:

- Ілімділік оқу материалын оқу бағдарламасы бойынша ғылыми негізінде ең жоғарғы дәрежеде меңгеріп шығуы және ілімдік білімін іс жүзінде тиянақты, саналы түрде қолдана білуі;
- Ақпараттық технология мүмкіндіктерін қолданып, өз бетімен білімін толықтыруға дағдылануы;
- Игерген материалдарын шығармашылықпен талдап, өңдеп, қорытындылап, өз көзқарасын қорғай алуы;
- Жеке қабілеттеріне қарай шығармашылық жұмыстарға белсене араласып, белгілі бір ғылыми білім саласында өз мүмкіндігін көрсете алуы;
- Ілімді жаңалық ашуға немесе ілімді іс жүзінде қолданудың жаңа жолдарын іздеуге ұмтылуы тиіс.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАҒЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ЖӘНЕ ОҚУҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУҒА АРНАЛҒАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРХАНА



**Түркістан облысы, Шардара ауданы
Т. Айбергенов атындағы мектеп - гимназиясы
бастауыш сынып мұғалімі
Беденова Гульчерин**

Аңдатпа

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесінің ең басты міндеті-білім берудің ұлттық модуліне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жетелеу.

Өркениетті елдермен тереземіз тең болуы үшін әлемдік білім аясына кіргізуді мақсат тұтқан еліміздің білім беру саясаты оқытуды демократияландыру, ізгілендіру арқылы жаңа сапалық деңгейге көтеруді көздейді. Осыған байланысты білім берудегі бірыңғайлықтан бас тартып көп нұсқалы білім алу жүйесіне бет бұрып тұрған жағдайда оқушылардың топтық ерекшелігімен қоса жеке танымдық ерекшеліктерін ескеріп, сабақ оқыту процесінде жаңартылған білім стандарттарына негізделіп бірнеше технологиялармен өтіліп жүрген технологиялардың ерекшеліктері мен тиімділіктерін ұсынып отырмын: яғни, саралап оқытуды ұйымдастыру және тілдік білім-білік дағдысын қалыптастыру мақсатында пайдаланылатын жаңаша әдіс-тәсілдер.

Оқыту үдерісін саралауға тоқталсам, саралау жұмысы бойынша жалпы ортақ қабылданған жетін бағыты бойынша жұмыс жүргіземін:

1. Тапсырма. Білім деңгейіне қарай оқушылардың қажеттіліктеріне қарай қызықты жаттығулар менкестелерді пайдалану арқылы әртүрлі тапсырмалар беріп отырамын. Сонымен қатар тапсырмалардың күрделілігіне қарай картокаларды пайдаланамын.

2. Дереккөздер. Сыныбымда кейбір оқушылар басқа сыныптың оқушылармен саластырғанда анағұрлым күрделі дереккөздермен жұмыс істей алады. Дереккөздердің ауқымы талқылауға негіз болатын мәтіндерден бастап, анағұрлым қиын сөздерді және күрделі идеяларды түсіндіретін мәтіндерге дейін ауытқып бағдарлап отырамын. Баспадан шыққан түрлі электронды оқулықтарды пайдаланамын.

3. Қарқын. Кейбір оқушылардың ойлау қабілеттерінің жылдамдығын ескере отырып қосымша тапсырмалар әр сабақта әзірлеп отырамын. Ал кейбір негізгі тапсырмаларды орындауда біршама уақытты қажет ететін оқушыларға уақыт беріліп отырады.

4. Қорытынды

Барлық оқушылар тапсырманы орындағанымен, нәтижелері бір болмайды. Сондықтан әр оқушыға арнайы қадам жасап, ерекше көзқарас таныту арқылы өз деңгейлерін өздеріне бағалату арқылы, жақсы, талпын, жарайсың деген нұсқаулықтармен бағыт-бағдар беріп қорытындылап отырамын.

5. Диалог және қолдау көрсету

Кейбір оқушылар тапсырманы орындау барысында жалғыз өзі орындауда қиындықтарға тап болып отырады. Сондай сәттерді назардан ақалдырмау мақсатында үнемі жұптасу, топтасу немесе диалог құрғыз арқылы оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау арқылы қолдау көрсетіп отыратынын бақылауда ұстап отырамын.

6. Бағалау. Оқушылар үнемі бағаланып отырады, осылайша педагогикалық қызмет пен саралаудың басқа да түрлері оқушылардың қажеттіліктеріне қарай үнемі түзетіліп отырылуы мүмкін. Педагогикалық қызмет табыстылықты, жақсартуды, түзетуді қажет ететін салаларды анықтайтын әмбебап үдеріс болуы керек. Сонда ғана біз пәнді оқытудан **Жіктеу** оқушыны оқытуға қарай жылжи аламыз.

7. Жіктеу. Оқытудың болжалды міндетіне қарай топ құруда пайдалы көптеген тәсілдер бар: мүдделері ұқсас оқушылар (мысалы, қиындық деңгейі немесе қолдау деңгейі), талаптары әртүрлі оқушылар, джигсо топтарыкәсіби дағдыларына қарай бөлінетін топтар немесе сарапшы топ, гендерлік топ, аралас гендерлік топ, ұйымшыл топ секілді топтарға бөліп отырмын.

Аталған саралап оқыту түрлерін әрдайым сабақта пайдалану-оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен шығармашылық қабілеттерінің артуына әкеледі.

Оқушылардың сөздік қорын дамытып, сауаттылық деңгейін арттыруға арналған оқу-әдістемелік жұмысты үш бағыт негізінде жүзеге асырамын:

1. Әдеби, мәдени сөйлей білу нормаларына үйрету бағыты.

Жұмыс түрлері: сұрақ-жауап, сөйлесу, әңгімелесу, мәтін түсінігін айтқызу, кітаппен жұмыс жасау арқылы жұмыстар жүргізу, берілген мәтіннен ситуациялық сұрақтар қою.

Күтілетін нәтиже: мәнерлеп оқу дағдылары қалыптасады.

2. Лексикалық жұмыстар жүргізу бағыты.

Жұмыс түрлері: сабақ сайын грамматикалық ережелерді сұрап отыру, жаңа сөздер жаттату, видеофрагменттен, музыка, аудиожазбалардан жаттатуға үйретуге бағытталған сөздерді таптыру

Күтілетін нәтиже: жаңа сөздерді үйренеді, грамматика ережелерін жаттайды, сөздік қоры артады

3. Орфографиялық жұмыстар жүргізу бағыты.

Жұмыс түрлері: мақала, эссе, диктанттар жаздырту, аудио, видеоматериал көрсету арқылы мазмұндама жаздырту, адасқан сөздерді біріктіру арқылы дұрыс сөйлем құрастыру, қатесі бар мәтіндер құрастыру арқылы түзету тапсырмаларын орындату

Күтілетін нәтиже: ойын жазбаша дұрыс, сауатты жеткізе алады.

1. Әдеби, мәдени сөйлей білу нормаларына үйрету бағыты бойынша сабағымда қолданылатын жаңаша әдіс тәсілдер

Сұрақ-жауап әдісі. Проблемалық-ситуациялық сұрақтар қою арқылы оқушылардың ұшқырлық, зейін-дағдысын қалыптастырамын.

«Суреттер сөйлейді» әдісі. Бірнеше ұйқасы бар суреттер көрсету арқылы мәтін құрауды, өз ойын жеткізуді сұраймын.

«Музыкалық үзіліс» әдісі. Берілген әуен үзіндісін тыңдап өлең мағынасы не жайлы екендігі бойынша әңгімелесу жүргіземін.

«Лабиринт» әдісі. Бір оқушы лабиринт кескінделген сурет бойынша кез-келген жолға түсіп сол жолдың басы қай тақырыпқа апарады, сол тақырып бойынша өзіне диалогқа түсетін екінші оқушыны таңдап алып, тақырып бойынша диалог құрады. Лабиринттің жолына екінші шыққан оқушы түсіп тақырып таңдап келесі оқушыны таңдайды. Осылай кезек жалғасады.

Оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру мақсатында кітаппен жұмыстар жасап, кітаптағы мәтінді оқып, мәтін бойынша түсінгенін айтуды сұраймын. Қазақ тілінде мақал-мәтелдер мен жаңылтпаштарды жаттату арқылы ұшқырлыққа, мәнерлеп оқуға баулимын.

2. Лексика-грамматикалық жұмыстар жүргізу бағыты бойынша сабағымда қолданылатын жаңаша әдіс тәсілдер

- оқушылар жаңа сөздер мен грамматикаға байлансты ережелерді дәптерге көшіріп жазады;
- жаңа сөздерді мұғалім оқиды;
- жаңа сөздерді оқушылар хормен оқиды;
- оқушылар жаңа сөздерді дауыстап, кезектесіп оқиды;
- жаңа сөздерді жуан жіңішке түбірлі сөздерге бөліп оқиды;
- сөздерді буынға бөліп, буын түрлерін ажыратады;
- жаңа сөздермен сөз тіркестер, сөйлемдер құрастырады; [2.4]

«Дұрыс сөйлем қоржыны» әдісі. Оқушыларға екі қоржын беріледі. Біріншісінде сұрақтардың жалғаусыз жасалынған сөздері. Екінші қоржында ма, ме, ба, бе, па, пе, деген сұраулы сөйлемдердің жалғаулары болады. Оқушы бір қоржыннан алған сұраққа екінші қоржыннан дұрыс жалғауды тауып жазу керек. Бұл әдіс оқушының қызығушылық деңгейін арттыру мақсатында ұйымдастырылады.

«Сәйкесін тап» әдісі. Оқушыларға тақтада кілт сөздер жазылады. Әр сөздің жалғауларын, не соңын дұрыс табу үшін мұғалім тақтада жазулы тұрған сөздерге байланысты түрлі сұрақтар қояды. Оқушы дұрыс сөзді өшіріп отырады.

3. Орфографиялық жұмыстар жүргізу бағыты бойынша сабағымда қолданылатын жаңаша әдіс тәсілдер

Түрлі деңгейдегі «Спираль» әдісін пайдалану арқылы диктанттар жаздыртып, оқылған мәтін бойынша мазмұндама, мақала, эссе орындату арқылы оқушылардың сауаттылық деңгейі артады.

«Күншуақ әдісі» әдісі. Топтық жұмыс ұйымдастыру арқылы әр топқа платкаттың ортасына суреттер беріледі. Сол суреттердің шуақтарын әр топ өз ойларын жазып шығады. Соңында әр топ оқушыларын жеке-жеке дәптерлеріне сол плакаттағы мәліметтер бойынша мәтін құрап жазу ұсынылады.

Сонымен қатар, сөздіктерге байланысты түрлі жаттығулар мен тапсырмалар құрастырып, орындатамын. Мысалы:

- берілген сөздердің мағынасын түсіндіру: (*нағашылар, ата, әже, немере, шөбере, ұл, қыз, жиен, жеңге, жезде, ағайын*).
- берілген сөздердің синонимдерін табу, сөз табын анықтау: (*отбасы, әке – шеше, сәби, ағайын, құрметтейді, ұрпақ, қасиетті, салт – дәстүр*)
- адамның мінезін сипаттайтын тұрақты тіркестерді дұрыс сәйкестендіру және аудару:

Жылқы	шөп алмас
Қой аузынан	қозыдай
Тойған	мінезді

сәйкестендірген сөздермен сөйлемдер құрастыру арқылы тілдік білім дағдысы қалыптасады

Қорыта айтқанда, сөздік қорымен сөйлеу дағдысын қалыптастыру мақсатында жұмыс жасаудың маңызды бөліктерінің бірі - оқушылардың үйренген сөздердің белсенділігін арттыру. Ол үшін әр сабақтың нақты тапсырмаларын ойластыру қажет.

«Ұстазы мықты елдің-ұстанымы мықты болады» дейді халық даналығы.

Бүгінгі заман талабы білімді де білікті, өздігінен тығырықтан шығуға жол таба білетін, өмірге икемді тұлғаны тәрбиелеуді қажет етеді. Заманауи мектепті жаңарту бағыттарының бірі - дарынды балалармен жұмыс. Біздер мұғалімдер, сонымен бірге қазақ халқының болашағы, еліміз үміт артатын, халық болашағын ойлайтын қабілетті жастарды дайындау-бірден бір алғышарттағы мақсаттарымыздың негізі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жыл 31 қаңтар. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700002017>
2. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші әнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жыл 10 қаңтар. http://www.akorda.kz/kz/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar
3. С.Б.Бабаев. Бастауыш мектеп педагогикасы. Оқу құралы. Алматы. 2007. 413 бет.



ТОПТАРДА ШЫТЫРМАН ОЙЫНДАРЫН ҚҰРУ



**Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы
 №31 қазақ орта мектеп
 дене шынықтыру пәнінің мұғалімі
 Даулеткалиев Рауан Амангельдиевич**

Оқу мақсаттары	7.2.1.1. Қозғалысқа байланысты өзгерген жағдайға жауап қайтаруға алған білімдерін жетілдіру.
Сабақтың мақсаттары	Барлығы: Футбол ойынының ережесін біледі, қауіпсіздік ережелерін сақтайды Көбі: Білім алушылар футбол ойынындағы стратегиялар мен тактикаларды біледі Кейбірі: Білім алушылар футбол ойынындағы тактикалар мен стратегияларды ойын барысында қолдана біледі, қауіп-қатерлерді түсінеді, айтады, көрсетеді. Қауіпсіздік ережелерін сақтайды
Бағалау критерийі	Түрлі жаттығу жұмыстарын орындау барысындағы болуы мүмкін қауіп-қатерлерді анықтайды.
Тілдік мақсаттар	Оқушылар: футбол ойыны туралы түсініктерін талқылайды және көрсетеді. Пәндік лексика және терминология мыналарды қамтиды: - қауіпсіздік техникасы - тактика, стратегия - шабуылшы, қорғаушы, қақпашы - күш, жылдамдық, төзімділік, иілгіштік дене қасиеттері - командалық жұмыс Талқылауға арналған сұрақтар: - берілген тапсырма нені көбірек дамытады, төзімділікті ме немесе жылдамдықты ма? - бұл тапсырма үшін оқушы қандай қыздырыну жаттығуын жасау керек? - сіз қандай демді қалыпқа келтіру жаттығуларын білесіз?
Құндылықтарды дарыту	Білім алушылар бір-бірімен келісіп және үйлесімді жұмыс жасауға тәрбиелеу.
Пәнаралық байланыстар	Биология пәнімен байланыс-дене мүшелерін анықтай біледі.
АКТ қолдану	Планшет , компьютер қолдану

дағдылары	
Бастапқы білім	Дене шынықтыру сабағында қауіпсіздік техникасын меңгерді.

Сабақ барысы

Сабақтың кезеңдері	Оқушының әрекеті	Педагогтің әрекеті	Оқу ресурстары
<p>Сабақтың басы 10 минут</p>	<p>Дайындық бөлімі: Оқушыларды қатарға тұрғызу. Сәлемдесу. Рапорт қабылдау. Оқушылардың спорттық киімдеріне назар аудару. Бейне материал арқылы сабақтың тақырыбы мен мақсатын оқушылар ашады. Техника қауіпсіздігін ескерту. Презентация арқылы қауіпсіздік ережесін түсіндіру. Футбол ойынының қауіпсіздік ережелері: Ойын барысында даурығып айқалауға болмайды, бірақ ойыншы әріптесіне белгі беруге болады. Допқа таласқан қарсылас ойыншыны итеруге болмайды. Қандай жағдай болмасын, қақпашыға тиісуге болмайды. Ауа райына қарай ойынға қиетін спорт киімдері өзгереді. Жүгіріп бара жатқан қаосыласты артынан келіп итеріп жіберуге, шалуға болмайды. Жалпы дамыту жаттығуларын орындау.</p>   <p>Тыныс жолдарын қалпына келтіру.</p>	<p>Оқушылардың қатарда тұзу тұруың қадағалау. Келмеген оқушылардың себебін анықтау. Оқушылардың сабақтың тақырыбы мен мақсатын мұқият тындап қадағалау. Бой жазу жаттығуларын ережеге сай орындалуын қадағалау.</p>	<p>Бейне материалдар, доп,</p>
<p>Сабақтың ортасы (15 минут)</p>	<p>Футбол ойынының ережелері туралы қысқаша түсінік Футбол – жер бетіне кең тараған спорт түрі. Командада қақпашыны қосқанда 11, аз дегенде 7 ойыншы болады, 7 ойыншыдан кеміп кетсе, команда жеңілді деп есептейді. Ойын 2 таймнан тұрады. Ойын ұзақтығы - 90 минут, 1-таймнан кейін (45 мин) 10-15 мин үзіліс жасалады. Әр ойыншының</p>	<p>Футбол ойынының ережелері туралы қысқаша түсінік береді (презентация арқылы)</p>	

	<p>жеке міндеттері болады.Шабуылшы,жартылай қорғаушы ,қорғаушы,қақпашы.Ойын барысында қарсыласты артынан шалуға ,итеруге болмайды.Төрешінің ысқырығын естіген сәтте ойынды тоқтату керек.Ойын ережесін өрескел бұзған ойыншылар ойыннан шығарылады.Ойын барысында төрешіге айтып,қақпашыны алаңдағы ойыншымен алмастыруға болады.Командалардың киімдері бір-біріне ұқсамауы және аяқ қорғаушысы болуы тиіс.Қақпашы киімі алаңдағы ойыншылар киімінен бөлек болады.</p>		
	<p>Оқушылар көрсетілген іс-әрекеттерді қайталайды, түсінеді</p>	<p>Мұғалім видео арқылы футбол ойынындағы тактикаларды көрсету</p>	
	<p>Оқушылар көрсетілген суреттер арқылы дұрыс және бұрыс жауапты табады , шешімін түсіндіреді.</p>	<p>Ойын арқылы футболдағы рұқсат етілген және тыйым салынған іс-әрекеттерді табу.</p> 	
<p>Сабақтың соңы 5 минут</p>	<p>Сабақты қорытындылау: Кахут приложениесі арқылы сабақты қорытындылау.</p>  <p>Тест сұрақтары: 1.Айып добын неше метрде тебеді? А)10метр б)11 метр В)15 метр Г)13 метр 2.Футбол аланының ұзындығы? А)110-м 65-75 б)120м В)130 г)140 3.Футбол ойынын қосымша уақытының ұзақтығы? А)5 мин б)7 мин В)4мин Г)15 мин</p>		

	<p>4)Футбол команда құрамындағы ойыншылар саны? А)12 негізгі құрамы, 8 қосалқы Б) 13 негізгі ,7 қосалқы В)11 негізгі құрамы ,7 қосалқыГ)14 негізгі құрамы ,8 қосалқы.</p> <p>5)Футбол ойыны құрылған жыл? А)1863 В)1873 Б)1892 Г)1995</p> <p>Сипаттама: Оқушылар өз беттерінше сабақтың басында қойылған сұраққа жауап береді. Өткен тақырып туралы кері байланыс беру үшін мұғалім сұрақ қояды, оқушылар тест арқылы жауап береді. Мұғалім әрекеті: Сұрақ-жауап арқылы кері байланыс жүргізеді. Сабақ басында қойылған сұрағына әр оқушыдан жауап сұрайды. Жақсы нәтижеге қол жеткізген оқушылар мен үздіктерді атайды. Жетілдіру жаттығуларын ұсынады. Оқушының әрекеті: Қиын болған немесе жүзеге асыра алмаған мәселелер бойынша сұрақ қояды. Үздік нәтиже көрсету үшін өзіндік ойлармен бөліседі. Сабақ басындағы мұғалім сұрағына жауап береді.</p>	
--	---	--


ЗЭР ШЫҒАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ГИГИЕНАСЫ. БҮЙРЕК ЖӘНЕ ЗЭР ШЫҒАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ АУРУЛАРЫ: ПИЕЛОНЕФРИТ, ЦИСТИТ, БҮЙРЕККЕ ТАСТЫҢ ЖИНАЛУЫ. СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы
 «М.Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ
 биология пәнінің мұғалімі
 Даулеткалиева Миргуль Каршигаевна


Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	9.1.5.4 - бүйрек және зәр шығару жүйесі ауруларының алдын алу жолдарын түсіндіру
Сабақтың мақсаты:	<p><u>Барлық оқушылар үшін:</u> Зәр шығару жүйесінің гигиенасы туралы түсінік қалыптасады.</p> <p><u>Көпшілік оқушылар үшін:</u> Бүйрек және басқа зәр шығару мүшелерінің ауруларын қарастырады.</p> <p><u>Кейбір оқушылар үшін:</u> Теңестірілген дұрыс тамақтануға ұсынылған азық-түліктердің түрлерін және зиянды тағам түрлерін ажыратып талдайды..</p>

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурс та р
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту	(Ұ). Ұйымдастыру кезеңі: 1.Оқушылармен амандасу, түгендеу. Оқушылар шеңбер бойымен тұрғызып .	Жеміс-жидектерді	Мақсаты: оқушылардың қатыстыры	Жеміс – жидек «алма ,банан)

<p>3 мин.</p> <p>Үй тапсырмасы</p> <p>5мин</p>	<p>Дәрумендерді бойымызға алып «Өз бойымдағы жақсы қасиеттерді атау»</p> <p>Оқушылар алдарыңызда жазулар бар .соны таңдай отырып (Тазалық ,Денсаулық,Дәрумендер)топқа бөлінеді. «Галерия аралау»әдісі.»(Тақтада бүйрек сурет ілінеді).</p> <p>Сурет артында сұрақтар беріледі.</p> <p>1.Бүйрек қызметіне кері әсер ететін фактор</p> <p>2.Денеге салқын тию?(табаннан сыз өту,бел және жамбас бөлігіне сыз өту)</p> <p>3.Қандай аурулар ағзаны улайды(тіс жегісі,іріңді баспа,жұқпалы аурулар)</p> <p>4.Бүйрек қандай қызмет атқарады(Биологиялық сүзгілер,уытты заттар шығару,қанды зиянды заттардан тазартады)</p> <p>5.Бүйрекке жағымсыз әсер етеді(дәрілік препарат,нұсқаулықты оқу)</p> <p>6.Бүйрекке зиян тиеді(ерімейтін тұздар)</p> <p>Тақтадағы суретті құрастырып.</p> <p>«Миға шабуыл» әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты</p>  <p>байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтары қойылады. Бүйрек қандай қызмет атқарады?</p>	<p>алып,әр оқушы өз бойындағы жақсы қасиеттерін атайды.</p> <p>Оқушыларды топтарға біріктіру.</p> <p>Суреттер арқылы 3 топқа бірігеді.</p> <p>(тұзды және ащы тамақ,салқын тию)</p> <p>Бөліп шығару жүйесі</p>	<p>луы арқылы сабаққа белсенділігі артады.</p> <p>Бағалау парақшасына белгіленеді</p>	<p>LDэкран</p>
<p>Жаңа сабаққа кіріспе</p> <p>5 мин</p> <p>Ортасы</p> <p>3мин</p>	<p>Оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстыру.</p> <p>Ендеше бүгінгі тақырыбымыз</p> <p>20.Бөліп шығару жүйесінің гигиенасы.</p> <p>Бейне материал қарайды.</p> <p>Лауф диктант әдісі.</p> <p>Әр топтан шыққан оқушыға тақтада бірдей мәтін беріледі. 1 минут ішінде тобына тақтада берілген мәтінді ауызша жеткізіп жаздырту қажет.</p> <p>Пиелонефрит,Өрлеме жұқпа,Цисит,Бүйрек несептасы.</p> <p>Дескриптор:</p> <p>1.Тындалған ақпарат бойынша 4сөйлем жазады.4б</p> <p>2.Тындалған ақпарат бойынша 3 сөйлем жазад-3</p>	<p>Жеке жұмыс</p>	<p>Мақсаты:</p> <p>Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту.</p>	<p>Маркер, АЗ</p>

<p>15 мин</p>	<p>3. Тындалған ақпарат бойынша 2сөйлем жазады.-2б 4. 3. Тындалған ақпарат бойынша 2сөйлем жазады.-1б Оқушылар бүгін жаңа терминдермен танысып шықтық «Ротация» әдісі бойынша топтық жұмыс. Әр топқа 2 сұрақтан беріледі. Әр түрлі стикер бойынша 1.Пиелонефрит ауруы,ағзаға қалай түседі. 2.Алдын алу шаралары? 3.Цистит 2 себеп арқылы пайда болады? 4.Цистит қандай ауру.Алдын алу шаралары?</p>			<p>Стикер</p>
<p>6мин</p>	<p>5.Неліктен С дәруменін бақылаусыз ұзақ пайдалануға болмайды? 6.Несеп жолына тас байлану ауруының алдын қалай алуға болады? 1 топ: Биологиялық диктант-3 б Салауатты өмір салтын ұстанып, жүйелі түрде -----спортпен айналысу,----- денешынықтыру, Ұйқы сергектік режимін (7-8) сағат ұйқы. Т.б----- -----Бүйрек жұмысына ----- өсімдіктекті тағамдар жағымды әсер етеді. 2 топ: Сәйкестік тест-3б Пиелонефрит зәр шығаруды қиындайды. Бүйрек тас бактериялар, қатты тону, қыздыру Цистит зәр шығарудан кейін қуықтың босатылу сезімі болмайды, іштің төменгі жағы ауырады. 3 топ:Ақиқат және жалған Антибиотиктер қан айналу үдерісін бұзады, зәр мөлшеріне, қан құрамында несепзәр көлеміне әсер етеді-А Тамақтанудың дұрыс ұйымдастырылмауы – бүйректің саулығына әсер ететін ең жағымсыз фактор-А Өте тұзды немесе тәтті тағамды шамадан тыс қолдану ағзадағы су-тұз балансына әсер етпейді.</p>	<p>Оқушылар топ бойынша берілген тапсырмалармен жұмыстанады. Жұптық Жұмыс.</p>		<p>А4</p>
<p>2 мин</p>	<p>3 топқа Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі.(ереже)- 3кұрастыру керек. Тест сұрақтары:(комп арқылы)QUIZIZZ</p>	<p>Жұптық жұмыс</p>		
<p>2 мин</p>	<p>Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі.(ереже)- 3кұрастыру керек. Тест сұрақтары:(комп арқылы)QUIZIZZ</p>	<p>Шығармашылық жұмыс</p>		<p>суреттер</p>

<p>2мин</p>	<p>Рефлексия: «Өз миынды сурете» Әр топтан оқушылар бүгінгі сабақ бойынша қорытындылайды.</p> 	<p>Әр топтан оқушылар бүгінгі сабақ бойынша қорытындылайды.</p>		
<p>2мин</p>	<p>Топ басшысы :Жеке оқушыларға тоқталады.</p>	<p>Бағалау парақшасы</p>		

ИНТЕРАКТИВТІ БІЛІМ БЕРУ ҚОСЫМШАЛАРЫН ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ



«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Сырым ауданы білім беру бөлімінің «Жанша Досмұхамедов атындағы «мектеп-бөбекжай-балабақша» кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі информатика пәні мұғалімі, педагог-сарапшы
Нуфатиева Динара Ержановна

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану арқылы дамыта оқыту, жеке тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу – тәрбие үрдісінің барлық деңгейіндегі тиімділігін, нәтижелілігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді.

XXI ғасыр - жаңа технология мен ақпараттандыру ғасыры болғандықтан, қоғамның әрбір мүшесі компьютерлік сауаттылықты меңгеріп қана қоймай, оның білім алудағы, білім берудегі және еңбек үрдісіндегі барлық мүмкіндігін жете меңгеруі қажет.

Сабақта қандай жаңа интерактивті бағдарламаларды ноутбук, смартфон, гаджеттерге қолдануға болады, оқушылардың білім алуға қызығушылығын қалай арттыруға болады?

Білім саласында тиімді бағдарламалық кешендерді жасауға көмек болатын жаңа технологиялық шешімдерді іздеу мақсатында бірнеше қосымшаларды жүктеп, зерттедім.

Интерактивті оқыту қосымшаларына мынадай бағдарламаларды жатқызуға болады: **Umaigra, Learningapps, Wordwall, Padled, Quizizz, Plikers, Kahoot**, яғни осындай бағдарламалар негізінде мұғалімдер барлық оқушылардың білім алу үрдісіне қызығушылықпен, ауыртпалықтарсыз және барынша мұғалім мен білім алушылар уақытының аз жұмсалуды нәтижесінде жетуімізге болады.

2021-2022 оқу жылының сәуір айында мектеп жоспарына сай, «Бастау» әдістемелік бірлестігінің онкүндігінің жоспары аясында, бастауыш сынып мұғалімі Канекенова Баян Есетқызымен бірлесіп мұғалімдерге «Күнделікті тәжірибеде интерактивті білім беру қосымшаларын қолдану» тақырыбында оқыту семинарын өткіздік.

Оқыту семинар мақсаты: Педагогтардың күнделікті сабақ беруде АКТ құзыреттілігін жетілдіру және сабақ берудегі АКТ арқылы қолданылатын қосымшаларды пайдалану дағдыларын арттыру.

Семинар барысында Umaigra, Learningapps, Wordwall, Padled, Quizizz, Plikers, Kahoot қосымшаларының қолданылуы көрсетіліп, түсіндірілді. Оқыту семинары екі бөлім бойынша өткізілді, яғни 1-бөлім практикалық, 2-бөлім теориялық. Практикалық бөлімде қосымшаларды қолдану арқылы, шеберліктерін шыңдады. Семинар соңында педогогтардардан кері байланыс алынып, «Бастау» әдіс

бірлестігінің мұғалімдері қатысқан ұстаздарға ұлы тұлғалардың мотивациялық сөздерімен көркемделген түрлі сыйлықтар ұсынды. Бірлесіп өткізілген әдістемелік алаң өз деңгейінен жоғарыға бағаланды.

Қорытындылай келе, «Ақпарат дәуірінің» жастары, қайталау сабақтарында, қосымша сабақтарда, өзіміз күнделікті қолданып жүрген смартфон, ноутбук, планшеттерді интерактивті тапсырмаларға пайдалануды қалайды, қызығушылық танытады.

Данышпан Конфуцийдің мына сөздері интерактивті білім алудың барлық мәнін ашатындай: «Айтып бер – ұмытып қалайын, көрсетіп бер – есімде қалсын, өзіме істет үйренейін». Кең ауқымды интернет желісінің берері мол, тек іздеп, зерттеп, қолдана біл демекпін.



ПОЛИМЕРАЗАЛЫҚ ТІЗБЕКТІК РЕАКЦИЯНЫ ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНУ



Алматы қаласы
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
биология мамандарын даярлау мамандығы 2 курс магистранты
Кобланова Дарижан Бахытжановна

Бұл мақала да, полимеразды тізбекті реакция (ПТР)-бұл ДНҚ-ның белгілі бір аймағын қолданып, көптеген (миллион немесе миллиард) көшірме жасалатын кең таралған зертханалық әдіс. ПТР-ның мақсаты - мақсатты ДНҚ аймағын қажетті мөлшерін алып, оны талдауға немесе басқа тәсілмен қолдануға болады.

Полимеразды тізбекті реакция (ПТР) – биологиялық материалда (сынамада) нуклеин қышқылының белгілі бір фрагменттерінің шағын концентрациясын едәуір арттыруға мүмкіндік беретін молекулалы биологияның эксперименттік әдісі.

Полимеразды тізбекті реакцияның ашылуы алдында молекулалық биологиялық технологиялардың дамуы болды.


1869 жылы И.Мишер ДНҚ-ны ашты. 1944 жылы ғалымдар О.Эвери, К.Маклеод және М.Маккарти бактериялардың трансформациясы бойынша бірқатар эксперименттер жүргізді және пневмококктардан оқшауланған ДНҚ трансформацияға (оған өлі патогендік бактерияларды қосу нәтижесінде зиянсыз дақылдың биологиялық қасиеттерін алу) жауап беретінін дәлелдеді.

XX ғасырдың 50 жылдарына дейін ДНҚ-ның нақты құрылымы мен тұқым қуалайтын ақпаратты беру әдісі белгісіз болып қалды, дегенмен ДНҚ нуклеотидтерден тұратын бірнеше тізбектен тұратындығы дәлелденді [1].

ДНҚ – қайталанатын нуклеотид блоктарынан тұратын полимерлі молекула. Әрбір нуклеотид азотты негізден, қанттан (дезоксирибоза) және фосфат тобынан тұрады. Арасындағы байланыс нуклеотидами тізбегіндегі есебінен құралады дезоксирибозы және фосфатной тобының (фосфодиэфирные байланыс). Көптеген жағдайларда (бір тізбекті ДНҚ бар кейбір вирустардан басқа) ДНҚ макромолекуласы бір-біріне азот негіздерімен бағытталған екі тізбектен тұрады [2].

ДНҚ-да азотты негіздердің төрт түрі кездеседі (аденин, гуанин, тимин және цитозин). Тізбектердің бірінің азотты негіздері комплементарлық принципіне сәйкес басқа тізбектің азотты негіздерімен сутегі байланысы бар:

- аденин тек тиминмен,
- гуанин тек цитозинмен байланысады (сурет-1).



Сурет-1. ДНҚ құрылымы

Әрбір тізбек жаңа тізбекті синтездеуде матрица ретінде қызмет етеді, ал синтезделген тізбектегі реттілік матрицалық тізбектің қосымша негіздерінің реттілігімен анықталады. ДНҚ тізбегінің асимметриялық ұштары 3' (үш-штрих) және 5' (бес-штрих) деп аталады. ДНҚ синтезінде тізбектің полярлығы маңызды рөл атқарады (ДДҰ тізбегін ұзарту – жаңа нуклеотидтерді бос 3' ұшына қосу арқылы ғана мүмкін болады).

ДНҚ нуклеотидтеріндегі азотты негіздердің әр түрлі типтері арасындағы сандық қатынасты 1949-1951 жылдары Э.Чаргафтың биохимика тобы тұжырымдап, «Чаргаф ережелері» деп аталды. Бұл ережелердің мәні келесідей болды:

1. Аденин (а) саны тимин (Т) санына тең, ал гуанин (Г) – цитозин (Ц): $A = T, G = C$ [3].
2. Пуриндердің саны пиримидиндердің санына тең: $A + G = T + C$.

Чаргаф ережелері рентгендік құрылымдық талдау деректерімен қатар 1953 жылы Дж.Уотсон мен Ф.Крик, 1955 жылы А. Корнберг ДНҚ полимераза деп аталатын ферментті ашты. Бұл фермент нуклеотидтерді оның 3' ұшына жалғау арқылы ДНҚ тізбегін ұзартуға қабілетті. Жасанды жағдайда фермент ДНҚ тізбегімен (матрицамен) қосымша байланысқан тұқымнан (праймерден) қажетті ДНҚ бөлігін аяқтау реакциясын катализдейді. Бұл реакция жүретін ерітіндіде нуклео болуы керек. Атап айтқанда, құрылыс блоктары ретінде пайдаланылатын зидтрифосфаттар.

Онкогематологиялық ауруларды тудыратын құрылымдық хромосомалық қайта құруды анықтау. ПТР талдауын қолдана отырып, Биотехнология мамандығының студенттері лейкоздың әртүрлі түрлерін тудыратын химиялық гендердің пайда болуына әкелетін жою, инверсия, транслокацияны зерттеді. Хромосомалық қайта құру түріне байланысты әртүрлі патологиялық гендер пайда болады, оларды анықтау медициналық биотехнология үшін мұндай зерттеулердің практикалық маңыздылығын көрсетеді.


Бұл зерттеулердің кезеңдері генетикалық түрлендірілген организмдерді анықтауда алдыңғы кезеңдермен салыстырылады, бірақ белгілі бір ерекшелігі бар.

РНҚ қан плазмасының үлгілерінен бөлінгеннен кейін, ДНҚ молекуласы матрица ретінде полимеразды тізбекті реакция үшін қажет болғандықтан, cDNA алу үшін кері транскрипция реакциясын орнату қажет. Күшейту реакциясы нақты уақыт режимінде орналастырылады, бұл реакция кезінде ампликондардың жиналуын байқауға мүмкіндік береді. Күшейту өнімдерін талдау реакция барысында мониторда қалыптасатын графиктерде тікелей жүргізілді.

ПТР әдісі инфекциялық агенттердің генотиптерін анықтау үшін де қолданылды:

– С гепатиті вирусы, адам папилломасы.

15-суретте С гепатитінің генотиптерін анықтау бойынша зерттеулердің бірінің электрондық трофограммасы көрсетілген.



1 – молекулалық салмақ маркерлері. 2 – 3a генотипі бар РНҚ

Сурет-2. АмплиСенс HCV-генотип тест-жүйесінің көмегімен HCV 3a генотипі бар үлгілерді талдау нәтижелерінің электрофорограммасы

Өсімдіктер мен жануарларды генотиптеу және паспорттау. Қазіргі заманғы биотехнологиялық зерттеулер, сондай-ақ шаруашылық – құнды дақылдар мен тұқым өсіру шаруашылығы үшін молекулалық маркерлер негізінде өсімдіктер сорттары мен жануарлар тұқымдарын паспорттау әдістерін әзірлеу үлкен маңызға ие. ДНҚ маркерлерін қолдану өсімдіктерді сұрыптық тиістілігін сәйкестендіру үшін генетикалық таңбалауды жүргізуге, асыл тұқымды жануарлардың генетикалық сараптамасын ұйымдастыруға, оның ішінде ірі қара малдың тұқым қуалайтын ауруларының ДНҚ диагностикасын, ауыл шаруашылығы жануарларының вирустық ауруларының ДНҚ диагностикасын жүргізуге мүмкіндік береді. Малдарды генетикалық «паспорттау» негізінен асыл тұқымды кәсіпорындардың, ауыл шаруашылығы министрлігі кәсіпорындарының тапсырысы бойынша ірі қара малға қатысты жүргізіледі. Ауыл шаруашылығы малдарына арналған генетикалық паспорттардың бірлескен ғимараты – мемлекеттік маңызы бар іс. «Жыртылған» бұқалар фермаларға айтарлықтай пайда әкеледі. Генетикалық паспорты бар, оның жоғары өнімділігін растайтын жануар 3-4 есе қымбат.

Сондай-ақ, картоп, қызанақ, зығыр, бидай, арпа, соя, күнбағыс сияқты ауыл шаруашылығы дақылдарын ДНҚ-паспорттауды жүргізуге болады. ДНҚ талдауы негізінде берілген паспортта сорттың қауіптілігі, оның біртектілігі немесе ластануы, оның дерекқордағы басқа сорттармен туыстық дәрежесі, маңызды гендердің оң немесе теріс аллельдерінің болуы туралы ақпарат бар. Жақын болашақта биотехнологтар шешетін мәселелердің бірі – Қызыл кітапқа енгізілген жануарлар мен өсімдіктердің түрлерін сақтау

Маркерлік іріктеу. ПТР әдісі әртүрлі дақылдардың өсімдіктерінің геномдарын талдауда, атап айтқанда, гендерді таңбалау және маркерлік іріктеу үшін ақпарат ретінде кеңінен қолданылды. Маркерлік селекция классикалық селекциядан ерекшеленеді, өйткені ол организмдегі гендерді молекулалық әдістермен бағалайды және зерттеушіге кесіп өту үшін ең жақсы комбинацияны таңдауға мүмкіндік береді. Осылайша, селекциялық процесс неғұрлым мақсатты және жедел қарқынмен жүреді. Молекулалық тотығу, әдетте, полимеразды тізбекті реакция (ПТР) әдісі негізінде жүзеге асырылады.

Осылайша, «Биотехнология» мамандығының студенттері полимеразды тізбекті реакция әдісін қолдана отырып, ғылыми зерттеулердің бағытын таңдауда айтарлықтай әртүрлілікке ие деп қорытынды жасауға болады.

Тарауды қорытындылай келе, ПТР-ны ғылымда, оқу үрдісінде, медицинада және криминалистикада қолдану мысалдарын келтірдік. Сондай-ақ, ПТР модификацияларының өте көп саны бар екенін атап өткен жөн, бірақ оларды шолу, сондай-ақ ПТР қолдану мысалдарын егжей-тегжейлі қарау осы тараудың шеңберінен шықпайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1.Kleppe K.E. Molineux and Khorana, Studies on polynucleotides. XCVI. Repair replications of short synthetic DNA's as catalyzed by DNA polymerases [Текст] / K.E. Kleppe, R. Ohtsuka, I. Kleppe // J. Mol. Biol. - 1971. – Vol.56. - Pp.341-346.

2.A critical review on PCR, its types and applications [Текст] / J. Singh¹, N. Birbian, S. Sinha, A. Goswami // Int. J. Adv. Res. Biol.Sci. – 2014. – V. 1. – N. 7. – Pp. 65–80.

3.Enzymatic amplification of β -globin genomic sequences and restriction site analysis for diagnosis of Sickle Cell Anemia [Текст] / R.K. Saiki, S. Scharf, F. Faloona, K.B. Mullis, G.T. Horn, H.A. Erlich, N. Arnheim, // Science. – 1985. - V. – 230. Pp. 1350-1354.

FAMOUS BRITISH WRITERS

**Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар
№7 ЖББОМ КММ
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
Кабылбаева Китабия Жеткергеновна**

Aims and objectives:

- Summary of the material studied on the topic “Famous British Writers”;
- Improving the skills of speech;

Equipment; a cube, a hammer, pounds, question cards, prizes for the winners.

The course of the event:

I. Organizational moment

Hello, my dear boys and girls! We are glad to greet you at our auction! All children like to play. That's why we shall play the game «Auction» today. There are two teams in our classroom and we have three members of our jury today. The first team is called ... and its captain is ... The second team is called ... and its captain is ... The members of our jury are ..., ...,

Do you know how to play «Auction»? Listen to me, please.

(The teacher greets the children and explains the rules of the game to them)

Rules of the game-Ойын ережесі

Ойын 7-10 адамнан тұратын топтар арасында өтеді. Әр топтың атауы, топ басшысы болады. Ойын сұрақтары тақырыптарға бөлінген. Кубикті лақтыру арқылы тақырып таңдалады. Алдын-ала әр топқа белгілі бір мөлшерде ұпай (ақша түріндегі кеспе қағаз да болады) беріледі. Сұраққа жауап беру мүмкіншілігіне ие болу үшін топтар саудаласады. Сауда аукцион формасында өтеді. Аукционда ұтқан топ сұраққа жауап беру мүмкіншілігіне ие болады және сұраққа 30 секунд ішінде жауап беруі керек. Егер олардың жауабы қате болса, қарсылас топ жауап беріп, ұпай ала алады. Әрбір тур сайын әділ-қазы ұпай санымен таныстырып отырады. Аукцион нәтижесінде аз ақша жұмсап, көбірек ұпай жинаған топ жеңіске жетеді.

Now listen to the rules of our auction. It consists of some stages, each of them includes five questions. These questions deal with famous writers of Great Britain.

Let's choose the first theme. This cube will help us to do it.

(The captain rolls a cube and reads the topic)

Oh, it is «William Shakespeare». Do you like it? You do. So, if you have a question on this topic, you to buy it. So, the first lot is «William Shakespeare» and the starting price is 5 pounds. Who wants to buy it for 5 pounds? One, two, three-it is sold. So, you have bought the question and you have bought the right to answer it. But if your answer is wrong, the other team could give its variant. Now, please, captain, come to me and choose one if these cards. So, your question is ... It costs ... points. You have 30 seconds to discuss it.

What is your answer?

It is right(wrong)...and you have got your first points today.

The next question will be about (rolls a cube) Agatha Christie. Who wants to have a question about her?

Аукцион барысы

1. *William Shakespeare*

1. When and where was Shakespeare born? (2 points)

-He was born on the 23rd of April in 1564 in Stratford-on-Avon.

2. What is known about his parents? (3 points)

-His father John Shakespeare was a glove maker, his mother Mary Arden was from a wealthy and responsible family.

3. Tell us the titles of his most famous plays. (4 points)

-«Romeo and Juliet», «Hamlet, Prince of Denmark», «Othello». (may be different)

4. How many sonnets did Shakespeare write? (5 points)

-He wrote 154 sonnets.

5. When and where did Shakespeare die? (3 points)

-He died on the 23rd of April in 1616 in Stratford-on-Avon.

2.«Walter Scott»

1. When and where was Walter Scott born? (2 points)

- He was born on the 15th of August in 1771 in Edinburgh.

2. What is known about his parents? (4 points)

-Scott's father was a lawyer, his mother was a daughter of a physician.

3. What is the title of his first book and when was it written? (3 points)- Scott's first book «The Chase, and William, and Helen» was written in 1796.

4. What genre of literature did Scott use most often and successfully? (5 points)

-Scott is considered to be inventor and the greatest practitioner of a historical novel.

5. When and where did Walter Scott die? (4 points)

-He died on the 21st of September in 1832 in Abbotsford, in Scotland.

3.«Agatha Christie»

1. When and where was Agatha Christie born? (4 points)

- She was born on the 15th September in 1890 in Torquay, in England.

2. **What genre did she write in? (3 points)**

-She wrote detective novels and plays.

3. What is the title of her first novel and when was it written? (5 points)

-Her first novel «The Mysterious Affair at Styles» was written in 1920.

4. What is the name of the first main hero of Christie's novels? (3 points)

- His name is Hercule Poirot.

5. When and where did Agatha Christie die? (3 points)

- She died on the 12th of January in 1976 in Wallingford, in Oxfordshire.

4. «Oscar Wilde»

1. When and where was Oscar Wilde born? (3 points)

-He was born on the 16th of October in 1854 in Dublin, in Ireland.

2. What is known about his parents? (5 points)

-His father Sir William Wilde was a leading surgeon, his mother was a revolutionary poet.

3. What is the title of his only novel and when was it written? (3 points)

-His only novel was entitled «The Picture of Dorian Gray» and it was written in 1890.

4. Tell me the title of one of his comedies and the year when it was written (not necessary). (5 points)

-It's «The Importance of Being Earnest», it was written in 1895.

5. When and where did Oscar Wilde die? (3 points)

-He died on the 30th of November in 1900 in Paris, in France.

Финал

So, the final score is ... Let's congratulate the winners. Please, go to the jury to get your prize!

Thank you for the game. Thanks to our jury for their work. Good bye!